**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИКАЗАХСТАН**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**№ ___________________** **от «___» ___________ 202__ года**

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

№ исх: 121 от: 31.03.2020

**Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1, 20 наурыздағы № 2 және 26 наурыздағы № 6 хаттамаларын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының (келісім бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдары, оның ішінде интернаттарда, жатақханаларда санитариялық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдасын;

2) ағымдағы жылғы 13 наурыздан бастап бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салсын (мерекелік, концерттік, мәдени, спорттық іс-шаралар, конференциялар, семинарлар, көрмелер өткізу және т. б.);

3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің халықаралық спорттық, мәдени, туристік іс-шараларға шығуына тыйым салсын;

4) жұмыста осы бұйрыққа қоса берілген Әдістемелік ұсынымдарды пайдалансын, бұл ретте білім беру қызметін көрсету туралы шарттарда, білім беру ұйымдарының жарғыларында және басқа да ішкі актілерінде бекіту мүмкіндігін, осы Әдістемелік ұсынымдарда көзделген білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қарастырсын;

5) осы бұйрықтың 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларын ескере отырып, штаттық режимде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін жүзеге асырсын, ата-аналардың (заңды өкілдердің) қалауы бойынша балалардың еркін бару режимін қамтамасыз етсін, коронавирустық инфекция таралу кезеңінде балалар болмаған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар орындарының сақталуын қамтамасыз етсін;

6) штаттық режимде жұмыс істейтін ұйымдарда, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейтсін және күн сайын мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың келуіне мониторинг жүргізсін;

7) орта білім беру ұйымдарында көктемгі демалыстың ұзақтығы - 21 күн (2020 жылғы 16 наурыздан бастап 5 сәуірді қоса алғанда ) болып белгіленсін;

8) көктемгі демалыс уақытында педагогтерге қашықтық режимінде (білім беру ұйымынан тыс) жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етсін;

9) орта білім беру ұйымдарында 1-11(12) сыныптарда, оның ішінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-да, халықаралық және жеке меншік орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, 2020 жылғы 6 сәуірден бастап төртінші тоқсанның басынан бастап заңнамада белгіленген тәртіппен оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін (келісім бойынша);

10) сабақ кестесі мектепалды даярлық сыныптарына, 1-9 сыныптарға сағат 8.30 дан, 10-11 сыныптарға сағат 14.00 ден дүйсенбіден жұманы қосқанда 30 минутқа дейінгі аралықта жасалсын;

11) 2020 ж. 1 сәуірде мектепалды даярлық сыныптарына, 1-9 сыныптарға сағат 9.00 ден, 10-11 сыныптарға сағат 14.00 ден сынама сабақтар өткізілсін;

12) 2020 ж. 2 сәуірде сағат 10.00 де мектепалды даярлық сыныптар, 1-4 сыныптар, сағат 12.00 де 5-9 сыныптар, сағат 14.00 де 10-11 сыныптар ата - аналары үшін «Біздің мектепте қашықтан оқыту қалай жүргізіледі?» жиналысы өткізілсін;

13) 2020 ж. 3 сәуірде сағат 10.00 де мектепалды даярлық сыныптар, 1-4 сыныптар, сағат 12.00 де 5-9 сыныптар, сағат 14.00 де 10-11 сыныптар үшін «Мен қашықтан қалай оқимын?» «Өзіңді вирустық аурулардан қалай сақтауға болады?» сынып жиналысы өткізілсін;

14) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша барлық санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шаралары сақталған, ауысым, дезинфекция, кварцтеу, желдету, бір мезетте адамдардың көп шоғырлануын болдырмау шаралары сақталып, төртінші тоқсаннан бастап оқу процесін күндізгі нысанда жалғастыруға болатын шалғайдағы ауылдық елді мекендерде орналасқан орта білім беру ұйымдарының тізбесін бекітсін;

15) заңнамада белгіленген тәртіппен қашықтықтан білім беру технологиясы кезінде білім беру процесіне қатысушылар үшін жағдай жасау (білім беру ұйымдарының балансынан педагогтер мен ата-аналардың

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

материалдық жауапкершілігіне беру, сондай-ақ компьютерлерді, ноутбуктар, планшеттерді сатып алу, флеш-карталар, мобильді қосымшалар және басқа да құралдар арқылы жеткілікті жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету) бойынша қажетті шаралар қабылдасын, бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше назар аударсын;

16) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану кезінде заңнамаға және Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірыңғай бағдарламалар мен тәсілдерді қамтамасыз етсін;

17) қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша білім алушылар, ата-аналар, жұртшылық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтсін;

18) дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарына, гимназияларға, лицейлерге түсу үшін түсу емтихандарын өткізуді тоқтата тұрсын және кешірек мерзімге ауыстырсын;

19) қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын 2020 жылдың 6 сәуірінен бастап қашықтықтан оқыту режимінде тиісті жағдай болған жағдайда жұмыс берушінің актісін қабылдай отырып, жұмыс бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тәртіппен жалғастырсын;

20) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелерімен келісу және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың, санаторлық мектептер мен мектеп-интернаттардың, аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы балаларға арналған мектептердің, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін санитарлық-эпидемиялық шараларды қатаң түрде сақтай отырып және білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып штаттық немесе қашықтықтан режимде жалғастырсын;

21) 2020 жылғы 16 наурыздан бастап жалпы білім беретін және басқа да ұйымдар жанындағы кешкі мектептерде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқыту процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

22) осы бұйрықтың 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларын ескере отырып, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін штаттық режимде жүргізсін және сыртқы байланыстарды барынша шектейтін карантин белгіленсін;

23) кеңестер, отырыстар, кездесулер өткізуді азайтсын немесе селекторлық режимде өткізсін;

24) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, «Талап» КеАҚ-пен бірлесіп қашықтықтан білім беру

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

технологияларын пайдалана отырып, педагогтер мен оқытушылар үшін онлайн форматта курстар әзірлесін және өткізсін;

25) қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмыстарды жалпы үйлестіру жұмысын «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚМ-ге, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әдістемелік кабинеттері мен әдістемелік орталықтарына жүктесін;

26) қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқытуды сапалы ұйымдастыру және қамтамасыз ету басқарма басшыларының орынбасарларына, білім бөлімі басшыларына, мектеп директорларына жүктесін;

27) жұмыс берушінің тиісті актісін қабылдай отырып, келесі қызметкерлер тобын анықтау мүмкіндігін қарастырсын:

білім беру ұйымдарының тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлер (әкімшілік-қосалқы, техникалық персонал);

қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде білім беру процесін және сабақтарға қатысу мониторингін қамтамасыз ету бойынша еңбек функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлер (оның ішінде оқу-тәрбие процесін тікелей жүзеге асыратын барлық пәндер педагогтері, кеңес беру, онлайн мастер-кластар, ойындар мен т.б. түрінде психологиялық көмек көрсететін психологтардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ұйымдастырылуына мониторингті жүзеге асыратын, қашықтық режимде мектепішілік конкурстарға білім алушылардың қатысуын, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан білім алушылармен, девиантты мінез-құлықты балалармен, жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, қосымша білім беру педагогтері, онлайн кітапханалардың жұмысын, ұсынылатын басылымдар бойынша жұмысты, кітаптарды оқу мониторингісін және басқа да қашықтық жұмысты жүзеге асыратын кітапханашылар, жеке онлайн-консультацияларды жүзеге асыратын дефектологтар/логопедтер, зертханалық және практикалық, сонымен қатар басқа да функцияларды және т.с.с. жұмыстарды қашықтық режимде өткізуді және орындалуын тексеруді жүзеге асыратын физика, химия, биология, информатика кабинеттерінің, лингафондық-мультимедиалық кабинеттердің зертханашылары, сондай-ақ әрі қарай және басқа да функцияларды қарастыру);

жеке кесте бойынша еңбек демалысына жіберілетін қызметкерлер (тәрбиешілер, әдіскерлер, мектепке дейінгі ұйымдардың басқа да қызметкерлері, педагогтер және қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқытуға тартылмаған қосымша білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлері, педагогтер және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар-дың, білім беру жүйесінің оңалту орталықтарының басқа да қызметкерлері, жұмыс беруші айқындайтын білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлері);

28) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу бағдарламарын, үлгілік оқу жоспарларын орындауды қамтамасыз етсін,

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

сағаттарды қысқартуға жол бермесін, бекітілген штаттық кестеге (тарификациялық тізімге) сәйкес педагогтердің еңбек ақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

29) коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде білім беру қызметімен айналысуға, айырбастауға, қайта ресімдеуге, жаңа лицензия алуға өтініш беруді тоқтатсын.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары (келісім бойынша):

1) студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлығын тоқтатсын;

2) қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру мүмкін болмайтын пәндер мен модульдерді неғұрлым кеш уақытқа көшірсін;

3) студенттерге стипендияларды уақтылы төлеуді қамтамасыз етсін;

4) қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің қатысуы мен оқуын бақылауды қамтамасыз етсін;

5) жатақханаларда карантин шартын қамтамасыз етсін;

6) қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша оқытушылар үшін оқыту курстарын онлайн форматта ұйымдастырсын;

7) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы және қорытынды бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн режимінде өткізу үшін, білім алушыға мүмкіндік беретін онлайн проекторинг технологиясын қолдануды, білім алушының экраны мен мінез-құлқын қадағалауға, сондай-ақ бүкіл емтиханды бейне жазбаға жазуды қамтамасыз етсін;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары өз беттерінше айқындайтын тәртіпке сәйкес дипломдық (курстық) жұмыстарды (жобаларды), оның ішінде магистрлік диссертацияларды (жобаларды) онлайн режимінде қорғауды жүргізсін;

9) қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқытуды ұйымдастыру мониторингісін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне «бақылаушы» деңгейіндегі тиісті логиндер мен парольдерді заңнамада белгіленген тәртіппен берсін.

10) 2020 ж. 6 сәуірден бастап қашықтан оқытудың күнделікті басталу уақытын сағат 14.00 өзгертсін.

3. Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті (М.Т. Мелдебекова):

1) «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚМ-мен бірлесіп (Ж.О. Жылбаев):

пәндер тізбесін, оқу бағдарламаларына сәйкес оқу жүктемесінің көлемін, оқу материалының мазмұнын, қосымша материалдарды, телевизиялық

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

сабақтарға арналған сандық білім беру ресурстарын анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

телевизиялық сабақтардың тұжырымдамасын әзірлесін;

білім беру процесінің әрбір қатысушысы үшін қадамдық әдістемелік нұсқаулық әзірлесін;

телевизиялық сабақтардың кестесін құрсын;

2) мүдделі ұйымдармен бірлесіп, жалпы пәндер бойынша мектеп оқушыларының республикалық олимпиадасының IV кезеңін, «Мың бала» ауыл мектептері үшін ұлттық зияткерлік олимпиадасын өткізуді заңнамада белгіленген тәртіппен ауыстырсын.

4. Білім беруді цифрлық трансформациялау департаменті (Қ.О. Кенбай) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесіп (келісім бойынша):

2020 жылғы 1 сәуірге дейін цифрлық платформаларды айқындасын және қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде орта білім беру ұйымдарының жұмысын қамтамасыз етсін;

қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді жедел шешу үшін Министрлік жанынан, сондай-ақ білім басқармалары жанынан Жобалау кеңсесін құрсын, бұл ретте тиісті бұйрықпен осы мәселе бойынша жауапты басшы орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлғаны тағайындасын.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және оның аумақтық департаменттері:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізуді тоқтата тұрсын;

2) 2019-2020 оқу жылында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалауды өткізуді тоқтатсын;

3) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуға көшудің мониторингін (бұдан әрі-мониторинг) жүргізсін;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқытуды ұйымдастыру мониторингін жүзеге асыру үшін «бақылаушы» деңгейінде тиісті логиндер мен парольдерді талап етсін;

5) мониторингтің аралық нәтижесін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне апта сайын ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволары осы бұйрықтан және қоса беріліп отырған әдістемелік ұсынымдардан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

7. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (келісім бойынша), «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, «Республикалық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы» РМҚК, «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМКМ, «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМКМ, «Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» ММ және басқа да ұйымдар (келісім бойынша) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын онлайн форматта өткізуді жалғастырсын, қалған бағдарламаларды 2020 жылдың екінші жартыжылдығына ауыстырсын.

8. «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы балаларды қабылдауды тоқтатсын.

9. Бұйрыққа қоса беріліп отырған:

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (1-қосымша);

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (2-қосымша);

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (3-қосымша);

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (4-қосымша);

Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға әдістемелік ұсынымдар (5-қосымша) бекітілсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрлеріне жүктелсін.

11. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр** **А. Аймағамбетов**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

2020 жылғы «__» ___________
№ ___ бұйрығына
1-қосымша

**Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

## 1. Жалпы ереже

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымының басшысы пандемия кезеңінде оқу процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша білім алушыларды, педагогтерді, басқа да қызметкерлерді, білім алушылардың ата-аналарын және өзге де заңды өкілдерін, оның ішінде қолжетімді байланыс түрлері, білім беру ұйымының интернет-ресурстары арқылы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

2. ТжКБ ұйымының басшысы білім алушылардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөнінде білім беру процесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, қабылданған шаралар туралы жоғары тұрған басқару органына және барлық білім беру процесіне қатысушыларға дереу хабарлайды.

3. ТжКБ ұйымының басшысы білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияларға қайта ресімдеуге, лицензияға жаңа қосымшаларды алуға, коронавирустық инфекцияның таралу кезеңінде әрекет ету кезеңіне конвертацияға өтініш беруді тоқтата тұрады.

4. ТжКБ ұйымының әкімшілігі:

білім беру процесінің барлық қатысушыларымен әрқайсысының денсаулықты сақтау, сақтық шаралары үшін жауапкершіліктері туралы;

білім алушылармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, жеке және (немесе) топтық жұмысты ұйымдастыру туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. ТжКБ ұйымының әкімшілігі білім беруді басқарудың жоғары тұрған органымен, басқа да мемлекеттік органдармен оқу процесін ұйымдастыру және басқа мәселелер бойынша күнделікті байланысты жүзеге асырады.

## 2. ТжКБ ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Оқу процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына, сабақ кестесіне және графигіне сәйкес

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

жүзеге асырылады.

7. ТжКБ ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқытуды жүргізеді, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларын іске асырады.

Қажет болған жағдайда оқу процесінің кестесіне, оқу бағдарламаларының мазмұнын оқытудың икемді ұйымдастыру нысанын құру қажеттілігінен туындаған түзетулер енгізіледі.

8. Білім беру процесінің қатысушыларына:

1) электрондық платформаларға және басқа да электрондық дереккөздерге (бейнесабақтар, дербес онлайн-жұмыс, электрондық журнал, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, Bilim media group, скайп, google.classroom, MOODLE, ZOOM ресурстары, электрондық пошта, WhatsApp - чаттары, Opiq.kz., Telegram – канал ресурстары және басқа қажетті құралдар) қолжетімділік беріледі;

2) «EL ARNA», «balapan» каналдарындағы телекоммуникациялық желілер арқылы қазақ және орыс тілдерінде трансляция ұсынылады;

3) оқу материалдарының сілтемелері білім алушының мекенжайына жақын орналасқан Қазпошта бөліміне жолданады.

9. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымында:

білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастыру-әкімшілендіру ақпараттарынан тұратын парақтары бар білім беру порталы және/немесе ақпараттық жүйе;

интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникативтік байланыс арналары, құралдар;

сандық білім беру ресурстары;

оқытуды оқу контентін немесе сервисті желілік басқару жүйесі;

сынақ кешендері;

тиісті даярлықтан өткен педагогтер болуы қажет.

10. ТжКБ ұйымдары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім сапасын қамтамасыз ететін кез келген оқыту технологияларын қолдануға құқылы.

11. Оқу сабақтарының басталуына дейін білім беру ұйымы қашықтықтан оқыту жүйесі мен технологияларымен таныстыруды жүргізеді.

12. ТжКБ ұйымы білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім алушыларға әдістемелік көмек көрсетеді.

13. Консультациялар жеке және топ нысанында синхронды немесе асинхронды өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады. Білім алушы мен педагогтің синхронды әрекеттесуі нақты уақыт режимінде қашықтықтан оқыту жүйесі немесе бейнеконференция арқылы жүзеге асырылады.

Асинхронды әрекеттесу электрондық пошта арқылы хат алмасу, хабарлама

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

жіберу немесе телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып бейне, телевизиялық хабарлар арқылы жүзеге асырылады.

14. ҚБТ қолдану арқылы оқыту формалары: бейнедәріс, онлайн-дәріс, мультимедиалық дәріс; телевизиялық дәріс, білім алушылардың электрондық оқу басылымдарындағы (электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқу бағдарламалары, тренажерлер, ақпараттық-анықтамалық жүйелер) өзіндік жұмыстары, виртуалды зертханалық практикумдар (имитациялық модельдеу); компьютерлік тестілеу жүйелері; форумдар, чаттар және электрондық пошталар арқылы кеңес береді.

15. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау оқу жұмыс жоспары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚБТ бойынша білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау:

телекоммуникация құралдарын қолдана отырып, онлайн режимінде білім алушы мен педагогтің тікелей байланысы;

автоматтандырылған тестілеу жүйелері;

жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жүргізіледі.

ҚБТ қолдана отырып, білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау түрлі оқу жұмыстары түрінде (тестер, практикалық тапсырмалар және т.б.) ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда оқу жұмысының түрін педагог анықтайды.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау тапсырмаларының күрделілік деңгейі өткен материалға сәйкес келуі және білім алушыларға қолжетімді болуы қажет.

Аралық аттестаттауға арналған тестілік тапсырмаларды әзірлеуге пәнді (модульді) жүргізетін педагог жауапты болып табылады.

16. Оқу процесін басқару үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құжат айналымының автоматтандырылған жүйесін қамтамасыз ететін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыру, электронды білім банктері және интерактивті мультимедиалық оқыту құралдары, электрондық оқу-әдістемелік кешендер қолданылады.

17. Білім алушыларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін пәндер (модульдер) бойынша бекітілген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес электрондық оқу-әдістемелік кешендер болуы қажет.

18. Әр пәннің (оқу модулінің) электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша жинақтарды қамтиды.

Міндетті жиынтық:

оқу жұмыс бағдарламасынан, ұсынылатын әдебиеттер тізімінен;

дәрістердің электронды курсынан;

практикалық сабақтың материалдарынан;

білім алушының өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

бақылау материалдарынан (бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, жеке тапсырмалар және басқалар) тұруы тиіс.

Қосымша жиынтықта курстық жұмыстарға арналған нұсқаулық; оқу сипатындағы компьютерлік бағдарламалар: тренажерлер, анықтамалық-әдістемелік материалдар, пәннің (модульдің) оқу материалын игеруге көмектесетін оқу және оқу-әдістемелік құралдарды орындаудың мультимедиалық нұсқалары, басқа да материалдар қамтылуы мүмкін. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету өзіндік жұмыс және білім алушылардың аттестаттауға дайындығы үшін жеткілікті болуы тиіс.

Оқу-әдістемелік материалдар тегін беріледі.

19. Бітіруші топтарды қоспағанда, өндірістік оқыту сабақтарын ұйымдастыру және кәсіптік практикадан өту келесі академиялық кезеңге ауыстырылады.

Бітіруші топтардың кәсіптік практикасы бойынша баға бұрын игерілген оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикалардың (болған жағдайда) қорытындылары бойынша, ал олар болмаған жағдайда өндірістік оқыту, зертханалық-практикалық сабақтардың қорытындылары бойынша анықталады.

20. ТжКБ ұйымдарының білім алушыларына мемлекеттік стипендия «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес ай сайын төленеді.

21. ТжКБ ұйымдарының студенттік жатақханаларында карантин режимі енгізіледі.

22. Халықаралық аккредиттеу процесін онлайн-режимде аяқтайтын ұйымдарды қоспағанда, ТжКБ ұйымдарында халықаралық аккредиттеу рәсімдерінің сыртқы аудитін өткізу тоқтатылады.

## 3. ТжКБ ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қызметі

23. ТжКБ ұйымдарының басшысы:

білім беру ұйымының жұмыс жоспарын, сабақ кестесін бекітеді;

оқу процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар, оның ішінде техникалық жағдай жасайды;

оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) кері байланысты жүзеге асырады;

ұйымның педагогтерінің және басқа қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

қабылдайды;

қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу бойынша педагогтерді даярлауды ұйымдастырады;

білім алушылардың білім беру ұйымының электрондық кітапханаларына қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

білім беру процесіне қатысушылардың қызметін бақылайды, педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

ҚБТ қолдану арқылы білім беру процесін ұйымдастыруға жауаптыны (басшының орынбасарын) тағайындайды.

24. Басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, әдіскерлер:

жоспарлауды және ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асырады;

ҚБТ қолдану арқылы оқытуға арналған ақпараттық ресурстарды қолдану бойынша нұсқаулықтар әзірлейді;

мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ҚБТ ерекшеліктерін ескеретін оқу жұмыс жоспарларын құрады;

ҚБТ қолдану арқылы оқу процесі мәселелері бойынша кеңес береді, ЭОӘК құруға әдістемелік және техникалық көмек көрсетеді;

білім беру ресурстарын үнемі жаңартып, жүйелеуді қамтамасыз етеді;

білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған іс-шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;

оқу материалдарын, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық білім беру ресурстарын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

оқу жоспарымен белгіленген сағаттардың жалпы көлемін сақтай отырып, оқу және лабораториялық және басқа жабдықтармен жұмыс істеуді қажет ететін сабақтарды уақыттың басқа кезеңіне ауыстыруды ескере отырып, интернет-ресурстарға орналастырылатын оқу кестесі мен оқыту графигін құрады;

15 минуттан аспайтындай накты уақыт кезіндегі сабақ ұзақтығын анықтайды;

педагогтермен бірге білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыруды: оқытудың әдістері мен тәсілдері, білім алушылардың тапсырмаларды алу және олардың орындалған жұмыстарды ұсыну мерзімдерін анықтайды;

оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына (педагогтерге, білім алушыларға, білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), өзге де қызметкерлерге) жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижелері туралы хабарлауды жүзеге асырады;

телекоммуникациялық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес педагогтердің қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады;

оқу-тәрбие процесін және білімді ағымдағы бақылау мен қорытынды

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

аттестаттауды өткізу барысын бақылайды;

оқу процесін ұйымдастыруды электрондық журналдар жүйесі арқылы жүзеге асырады;

оқу-тәрбие процесіне қатысушылармен кері байланыс жасайды;

педагогтердің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді;

ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру туралы есеп беру ақпаратын дайындайды.

25. Педагогтер:

сыртқы интернет-сайттарда орналасқан ақпараттық объектілердің мүмкіндігін (электронды кітапханалар мен сөздіктер, тақырыптық сайттарға мамандандырылған ақпараттық ресурстар, білім беру порталдарында орналастырылған ақпарат және т.б.) тарту арқылы күнтізбелік-тақырыптық (қысқа мерзімді, орта мерзімді) жоспарларды түзетеді;

веб-сайттар, электрондық кітапханалар және т.б. сілтемелерді қолдана отырып, оқу материалдарын құрылымдауды және сабақ жоспарлауды уақтылы түзетуді жүзеге асырады;

оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі басшының орынбасарымен жүргізілетін жұмыс түрлерін келіседі;

электронды түрдегі қажетті оқу-әдістемелік материалдары бар электрондық оқу-әдістемелік кешендер әзірлейді;

білімді бақылау құралдарын әзірлейді;

білім алушыларға әр тақырып бойынша жұмыс уақытын, орындау мерзімдерін көрсете отырып, тиісті бөлімдерді әзірлеудің тақырыптық кестесін жасайды және таратады;

білім алушылармен синхронды және асинхронды кеңестер жүргізеді;

жұмыстың оңтайлы және әртүрлі түрлерін (бейнесабақтар, өзіндік онлайн жұмыс, электрондық журнал, онлайн-курстар чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, Bilim media group, скайп, google.classroom, MOODLE, ZOOM ресурстары, электрондық пошта, WhatsApp - чаттары, Opiq.kz., Telegram– каналы ресурстары және басқа да қажетті құралдар) қолдана алады;

қолданылатын жұмыс түрлері, онлайн сабақтардың нысандары мен мерзімдері, офлайн сабақтарға қатысу, үй тапсырмаларын орындау мерзімдері туралы ақпаратты білім алушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) назарына уақтылы жеткізеді;

оқу материалдарын білім алушының мекенжайына жақын Қазпошта бөліміне жібереді (білім алушы орындалған тапсырмаларды колледжге қайта жібереді);

білім алушымен телефон арқылы жедел байланыс орнатады;

бекітілген оқу кестесіне сәйкес, оның ішінде өзіндік жұмысқа бақылау жүргізу бойынша сабақтар өткізеді;

білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жеке консультациялар беру жұмыстарын жүргізеді;

оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылайды;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

оқу-әдістемелік ресурстардың тұрақты жаңартылуын қамтамасыз етеді;

жүргізілген жұмыс және оның нәтижелері туралы әкімшілікті хабардар етеді;

білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижелерін әр пән немесе модуль үшін берілген бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалайды;

оқу процесінде ҚБТ қолдану бойынша біліктілікті арттырудан өтеді;

қашықтықтан оқытумен байланысты құжаттаманы жүргізеді;

әкімшілікті атқарылып жатқан жұмыс және оның нәтижелері туралы хабардар етеді;

оқу жүктемесін орындайды.

26. Топ жетекшілерінің қызметін атқаратын педагогтер:

ата-аналарды (заңды өкілдерді) жұмыс тәртібі туралы, кестелердің өзгерістері туралы, оқу процесін ұйымдастыру туралы, білім алушылардың оқу іс-әрекетінің барысы мен қорытындылары туралы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзіндік жұмысы жағдайында хабардар етеді;

білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдермен) байланыс жасайды;

жүргізілген жұмыс туралы әкімшілікті хабардар етеді.

27. Білім алушылар:

педагогтермен күнделікті байланыста болады;

қол жетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады;

күн сайын білім алушы кабинетіне (бар болса), электронды поштаға және өз бетінше зерделеу үшін оқу материалын алу үшін басқа да байланыс жүйелері мен технологияларын қолданады;

күн сайын білім беру ұйымы белгілеген қол жетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды өз бетінше орындайды;

орындалған тапсырмаларды педагогке қол жетімді байланыс құралдары (электрондық пошта, WhatsApp чаттар және т. б.) арқылы уақтылы жібереді;

оқу тапсырмаларын орындау кезінде академиялық адалдық қағидаларын және өзін-өзі бақылау қағидаттарын сақтайды;

қол жетімді электрондық ресурстарды пайдаланады.

28. Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

жұмыс кестесімен, сабақ кестесімен, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру процесімен танысады;

білім алушылардың тапсырмаларды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

педагогтермен, топ басшыларымен байланыста болады;

оқу үшін жағдай жасайды;

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету, білім алушының денсаулығы үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың жұқпалы ауруларға шалдығуының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

29. ҚБТ жауапты қызметкер:

ҚБТ қолданумен жүргізілетін оқыту процесі қатысушыларына арналған нұсқаулықтар мен ұсынымдарды әзірлеу бойынша платформалар/ААЖ әкімшіліктерімен өзара әрекетті іске асырады;

ҚБТ қолданумен оқыту процесін ұйымдастыруға студенттер мен оқытушылардың даярлығын анықтау бойынша мониторинг жүргізеді;

техникалық жағдайларды жасау (серверлерді дайындау, бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау, тағы басқа) мәселесі бойынша білім басқармаларының ТжКБ бөлімдерімен бірлесіп, платформалар/ААЖ әзірлеушілерімен, ТжКБ ұйымдарымен онлайн-кеңес өткізуге қатысады;

платформалар/ААЖ әкімшіліктерімен бірлесе отырып, ТжКБ ұйымдары педагогтері үшін оқыту вебинарларын өткізу графигін анықтайды.

30. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары жанындағы оқу-әдістемелік орталықтар (кабинеттер):

ТжКБ ұйымдарына қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту процесін ұйымдастыруда, оқыту кестесін, графигін құруда әдістемелік-кеңестік көмек көрсетеді.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2020 жылғы «__» ___________
№ ___ бұйрығына
2-қосымша

**Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдарда оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

## 1. Жалпы ереже

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (бұдан әрі - ЖЖОКБ) ұйымының басшысы білім алушыларды, ОПҚ, басқа да қызметкерлерді, оның ішінде қолжетімді байланыс түрлері, білім беру ұйымының интернет-ресурстары арқылы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

2. ЖООКБ ұйымының басшысы білім алушылардың, ОПҚ-ның және басқа да қызметкерлердің санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөнінде білім беру процесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, қабылданған шаралар туралы жоғары тұрған басқару органына және барлық білім беру процесіне қатысушыларға дереу хабарлайды.

3. ЖЖООКБ басшысы Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайдың әрекет ету кезеңінде білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге, жаңа қосымшаларды алуға өтініш беруді тоқтата тұрады.

4. ЖЖООКБ ұйымының әкімшілігі денсаулықты сақтау, сақтық шаралары үшін жауапкершілік, білім алушылармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, жеке және (немесе) топтық жұмысты ұйымдастыру бойынша білім беру процесінің барлық қатысушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. ЖООКБ ұйымының әкімшілігі білім беруді басқарудың жоғары тұрған органымен, басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша күнделікті байланысты жүзеге асырады.

## 2. ЖЖООКБ ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Оқу процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына, сабақ кестесіне және графигіне сәйкес жүзеге асырылады.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

7. ЖЖООКБ ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқытуды жүргізеді, МЖБС, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларын іске асырады.

Қажет болған жағдайда оқу процесінің кестесіне, оқу бағдарламаларының мазмұнына оқу процесін жетілдіру және оқытудың икемді ұйымдастыру нысанын құру қажеттілігінен туындаған түзетулер енгізіледі.

8. Оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларына электрондық платформаларға және басқа да электрондық дереккөздерге (онлайн-дәрістер, бейне-дәрістер, телевизиялық дәріс, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, Bilim media group, скайп, google.classroom, MOODLE, ZOOM ресурстары, электрондық пошта, WhatsApp - чаттар, Opiq.kz., Telegram -каналы ресурстары және басқа қажетті құралдар) рұқсат беріледі.

9. Кәсіби және педагогикалық практикадан өту неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылады. Өндірістік практика бітіруші топтарды қоспағанда, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің күшейтілген нормаларын сақтай отырып жүргізіледі.

Бітіруші топтардың кәсіптік практикасы бойынша баға бұрын игерілген оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларының қорытындылары (бар болған жағдайда) бойынша анықталады.

10. Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайлар кезеңінде диссертациялық кеңес мүшелерінің докторанттардың докторлық диссертациясын қорғауына қатысуы ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

11. ЖЖООКБ ұйымдарының білім алушыларына мемлекеттік стипендия «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына сәйкес ай сайын төленеді.

12. ЖЖООКБ ұйымдарында институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жүргізу рәсімі тоқтатылады.

## 3. ЖЖООКБ ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қызметі

13. ЖЖООКБ ұйымының басшысы:

телекоммуникациялық құралдарды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасайды;

оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

ОПҚ-мен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланысты жүзеге асырады;

ұйымның педагогтерінің және басқа қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдайды;

Интернет және қашықтықтан технологиялар негізінде білім беру процесін жүзеге асыруға жауапты болады.

14. Бірінші проректорлар және академиялық мәселелер жөніндегі проректорлар:

білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған іс- шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;

оқу материалдарын, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық білім беру ресурстарын (силлабус, дәрістер материалдары, семинарлар, тапсырмалар) қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

ЖЖОOКБ ұйымының интернет-ресурстарында орналастырылатын сабақ кестесін, оқыту графигін жасайды;

оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына (педагогтерге, білім алушыларға және өзге де қызметкерлерге) жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижелері туралы хабарлауды жүзеге асырады;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес педагогтердің қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады;

оқу-тәрбие процесін және білімді ағымдағы бақылау мен қорытынды аттестаттаудың өзге де нысандарын өткізу барысын бақылайды;

педагогтердің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді;

білім беру ұйымының қызметін талдайды.

15. Декандар және кафедра меңгерушілері:

қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, ОПҚ оқу процесін әдістемелік сүйемелдеу материалдарын әзірлеуді және орналастыруды қамтамасыз етеді;

қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы оқу процесін жүзеге асырудың тұрақты мониторингін қамтамасыз етеді;

ОПҚ жұмыстың оңтайлы және әртүрлі түрлерін (оқытушының қалауы бойынша онлайн-дәрістер, бейне-дәрістер, телевизиялық дәріс, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, Bilim media group, скайп, google.classroom, MOODLE, ZOOM ресурстары, электрондық пошта, WhatsApp - чаттар, Opiq.kz., Telegram -каналы ресурстары және басқа қажетті құралдар) және білім беру технологияларын қолданады;

қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы студенттердің жұмыстарын уақтылы тексеруді және баға қоюды қамтамасыз етеді.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

16. Кураторлар мен Офис-тіркеушілер:

қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, студенттерді пәндерге тіркеуді/қайта тіркеуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда);

ОПҚ және студенттерді ҚБТ ақпараттық жүйелеріне қол жетімділіктің болуын қамтамасыз етеді;

жүргізілген жұмыс туралы әкімшілікті хабардар етеді.

17. Білім алушылар:

педагогтермен күнделікті байланыста болады;

қолжетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады;

күн сайын жеке кабинетіне (бар болса), электронды поштаға және өз бетінше зерделеу үшін оқу материалын алу үшін басқа да байланыс жүйелері мен технологияларын қолданады;

күн сайын білім беру ұйымы белгілеген қолжетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды өз бетінше орындайды;

күн сайын педагогтердің талаптарына сәйкес орындалған тапсырмаларды ұсынады;

академиялық адалдық қағидаларын сақтайды;

қолжетімді электрондық ресурстарды пайдаланады.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына 3-қосымша

**Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы әдістемелік ұсынымдар пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуы жағдайында мектептен тыс ұйымдардың қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ балалардың қосымша білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін балаларға қосымша білім беру (бұдан әрі – БҚББ) ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне көмек ретінде әзірленді.

2. БҚББ ұйымының басшысы пандемия кезеңінде білім беру процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша білім алушыларды, педагогтерді, басқа да қызметкерлерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді) қолжетімді байланыс түрлері, білім беру ұйымының интернет-ресурстары арқылы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

3. БҚББ ұйымының басшысы білім алушылардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, білім беру процесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, жоғары тұрған басқару органға және білім беру процесіне қатысушыларға қабылданған шаралар туралы шұғыл ақпарат береді.

4. БҚББ ұйымының әкімшілігі білім беру процесінің барлық қатысушыларымен:

әр адамның денсаулығын сақтау үшін жауапкершілігі және сақтық шаралары туралы;

телекоммуникациялық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып білім алушылармен жеке және (немесе) топтық жұмысты ұйымдастыру туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. БҚББ ұйымының әкімшілігі білім беру процесін ұйымдастыру мәселелері мен басқа да мәселелер бойынша жоғары тұрған білім беру басқару органымен, басқа да мемлекеттік органдармен күн сайын байланыс жасайды.

## 2. БҚББ ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Білім беру процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, білім беру бағдарламаларына, сабақ кестесіне сәйкес жүзеге

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

асырылады.

7. БҚББ ұйымдары телекоммуникациялық құралдарды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқытуды шеттетілген режимде қашықтықтан жүргізеді.

Қажет болған жағдайда білім беру процесінің кестесіне, білім беру бағдарламаларының мазмұнына оқытуды икемді ұйымдастыру нысанын құру қажеттілігінен туындаған түзетулер енгізіледі.

8. Оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолжетімді электрондық платформаларға және басқа да электрондық көздерге (онлайн-сабақтар, видео-сабақтар, телевизиялық-сабақтары, жеке онлайн-жұмыс, электронды журнал, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, Bilim media group ресурстары, скайп, google.classroom, Google Docs, Яндекс.диск, MOODLE, ZOOM, электронды пошта, WhatsApp-чаттар, Opiq.kz ресурстары, Telegram – каналдар және басқалар) кіруге мүмкіндік беріледі.

Google платформасы арнайы бағдарламалық жасақтаманы сатып алу және қызмет көрсету шығындарын талап етпейтін, қолданбаларға кіру веб-браузер терезесі арқылы алуға болады. Білім алушылармен педагогикалық қарым-қатынас жүйе бойынша құрылады: теория – тәжірибе – жеке білім беру бағыты бойынша жұмыс – баға.

Google Docs – бұл құжаттарды автоматты түрде сақтайтын, кестелер, презентациялар, фото және бейне материалдарды жасауға және өңдеуге болатын тегін қызмет, онда педагог өз тапсырмаларын, тестілерін және білім алушылар орындалған тапсырмаларын орналастырады, Google Docs өзі тексеріп, талдау жұмысын жасайды.

Яндекс.диск – бұл Яндекс серверлерінде файлдарды сақтауға, интернетке қосылған кез келген құрылғыдан дискідегі файлдармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қызмет. Яндекс браузердің disk.yandex.ru адрестік жолында логин мен пароль енгізіледі. Яндекс.Диск платформасында құжаттарды, кестелерді және презентацияларды жасауға және өңдеуге болады.

Жоғарыда аталған бағдарламалар БҚББ ұйымдарының басшыларына қашықтықтан білім беру процесін бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## 3. БҚББ ұйымдарының білім беру процесіне қатысушылардың қызметі

9. БҚББ ұйымының басшысы мыналарды:

БҚББ ұйымының жұмыс жоспарын;

сабақ кестесін бекітеді;

ұйымның педагогтері мен өзге де қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

скриншоттар, бейнежазбалар, хабарламалар және т.б. алу арқылы педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

жүргізіп, білім беру үдерісін кестеге сәйкес ұйымдастыруға тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдайды.

10. Басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, әдіскерлер:

білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;

оқу материалдарын, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық білім беру ресурстарын қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

сабақ кестесін құрастырады, оларды БҚББ ұйымының интернет-ресурстарында (сайт) орналастырылады;

педагогтермен бірге білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастыруды анықтайды: оқытудың әдістері мен тәсілдері, білім алушылардың тапсырмаларды алу мерзімдері және олардың орындалған жұмыстарды ұсынуы;

білім беру процесінің барлық қатысушыларын (педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), басқа да қызметкерлерді) жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижесі туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

бекітілген кестеге сәйкес педагогтердің қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады;

скриншоттар, бейнежазбалар, хабарламалар және т.б. алу арқылы педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс арқылы білім беру процесін кестеге сәйкес өткізу барысын (музыка, көркем және өнер мектептерінің білім алушыларын ағымдағы бақылау және қорытынды аттестаттауды) бақылайды;

педагогтердің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді;

білім беру ұйымының қызметін талдайды.

11. Педагогтер:

күнтізбелік-тақырыптық және жеке жоспарларды түзетеді;

веб-сайттарға, электронды кітапханаларға және т.б. сілтемелерді қолдана отырып, оқу материалдарын құрылымдауды жүзеге асырады;

балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, қашықтықтан жұмыс істеу үшін жеке тапсырмалар әзірлейді;

қашықтықтан оқыту түріндегі жаңа формат туралы ақпаратты скайп, электрондық пошта, WhatsApp-чаттар, Telegram-каналдар және т.б. арқылы білім алушылар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдері) назарына жеткізеді;

электрондық ресурстарда оңтайлы және әр түрлі жұмыс түрлерін (бейнесабақтар, дербес жұмыс, онлайн-сабақтар, онлайн-байқаулар, чат-

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

сабақтар, веб-сабақтар, онлайн-мұражайларға, онлайн-театрларға, онлайн-көрмелерге, телеконференцияларға және т.б. виртуалды қатысу), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (скайп, телевизиялық-сабақтар, moodle, zoom, электрондық пошта, whatsapp-чат, телеграмма-чат, univer және т.б.) қолдана отырып, БҚББ педагогтері мен білім алушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

бекітілген оқу кестесіне сәйкес онлайн-сабақтар өткізеді, дербес жұмысқа бақылау жасайды;

білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жеке кеңес өткізеді;

тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

скриншоттар, бейнежазбалар, хабарламалар және т.б. жолдау арқылы жүргізілген жұмыс және оның нәтижелері туралы ҚБББ ұйымының әкімшілігін хабардар етеді.

12. Білім алушы:

педагогтермен кесте бойынша байланыста болады;

қолжетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады;

кестеге сәйкес білім алушының жеке кабинетіне (бар болса) өз бетімен оқу мақсатында оқу материалын алу үшін электронды поштаға және басқа да байланыс жүйелері мен технологияларына кіреді;

тапсырмаларды өз бетінше орындайды, педагогтердің талаптарына сәйкес орындалған тапсырмаларды қолжетімді байланыс құралдары (электронды пошта, WhatsApp-чат және т.б.) арқылы сканерлеу (немесе фото) арқылы педагогке ұсынады;

тапсырмаларды орындау кезінде өзін-өзі бақылау қағидаларын сақтайды.

13. Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

жұмыс кестесімен, сабақ кестесімен танысады;

мүмкіндігінше білім алушылардың тапсырмаларды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

педагогтермен, топ басшыларымен байланыста болады;

оқыту үшін жағдай жасайды.

14. Қосымша білім беру педагогтері өз жұмысында түрлі интернет-дереккөздерді пайдалана алады. Мысалы:

1) Тұңғыш Президент Кітапханасы –
https://nur-sultan3d.kz/art/museum/nationalmuseum.html;

2) Ұлттық өнер галереясы - Вашингтон https://www.nga.gov/index.html;

3) Қазақстанның орталық мемлекеттік мұражайы -
http://www.csmrk.kz/index.php/mnu-exposition/mnu-virtual-obzor ;

4) Семей қаласындағы Абай Құнанбаев мұражайы -
http://www.3dsemey.kz/Virtyal?id=138&lang=ru;

5) Ұлттық Мұражай -
https://www.tourister.ru/world/asia/kazakhstan/city/astana/museum/24078 ;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

6) Пинакотека Брера - Милан https://pinacotecabrera.org/;
7) Уффици - Флоренция Галереясы https://www.uffizi.it/mostre-virtuali;
8) Ватикан Мұражайы - Рим
http://www.museivaticani.va/content/museivaticani/it/collezioni/catalogo-online.html;
9) Археологиялық мұражайы - Афины
https://www.namuseum.gr/en/collections/;
10) Прадо - Мадрид https://www.museodelprado.es/en/the-collection/art-works;
11) Лувр - Париж https://www.louvre.fr/en/visites-en-ligne;
12) Британ мұражайы - Лондон https://www.britishmuseum.org/collection;
13) Метрополитен мұражайы - Нью-Йорк
https://artsandculture.google.com/explore;
14) Эрмитаж - Санкт-Петербург https://bit.ly/3cJHdnj;
15) бейнесабақ: «Экскурсовод портфелін жинау», «Туристік жорықтарға арналған жеке және топтық жабдықтарды таңдау», «Бағдарлаушы спортшыларды дайындау», «Туристік тораптардың түрлері», «Бөлме өсімдіктерін өсірудің вегетативтік тәсілдері», «Құрғақ жапырақтар мен гүлдерден жасалған тегіс композиция», «Жеміс-жидектер мен көкөністер құрамындағы С дәруменін анықтау» - https://www.ziyatker.org/122;
16) виртуалды экскурсиялар: Ижевск қ. Балалар хайуанаттар бағы - http://udm-zoo.ru/Zoo_3dtour/3dtour_zoo.html, Қырым Сафари - http://park-taigan.ru/wp-content/uploads/tour/taigan.html;
Балалар хайуанаттар бағы -
https://www.youtube.com/channel/UCmvjARDhwmZ6Ke2MCFfle6g;
The TemerBoy -
https://www.youtube.com/channel/UC6j3uG9Gb6gVsYAFUUoC2EA;
17) техникалық шығармашылық және робототехника бойынша бейне сабақтар -
https://www.youtube.com/channel/UCZRmfTmR24k4LXQtJrnFAhA,https://www.youtube.com/user/shogun13371337;
https://www.youtube.com/playlist?list=PL0lO_mIqDDFW5h4vGzizQDcsqK3nxjvy_
18) Қазақстан белгілі мұражайлары –
https://tonkosti.ru/%D0%9C%D1%83%D0%B7%D0%B5%D0%B8_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0
19) Қазақстанның мамандандырылған мұражайлары –
https://www.tripadvisor.ru/Attractions-g293943-Activities-c49-Kazakhstan.html
https://pandaland.kz/articles/semya/semejnyj-dosug/muzei-kotorye-stoit-pokazat-detyam
https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B0%D1%82%D0%B5%D0%B3

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%8F:%D0%9C%D1%83%D0%B7%D0%B5%D0%B8_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0

https://commons.wikimedia.org/wiki/Category:National_Museum_of_the_Republic_of_Kazakhstan

https://olke.kz/kaz/struktura-muzeya/filialy/oblastnoj-istoriko-kraevedcheskij-muzej

https://g.co/kgs/PSTWx6

https://www.zhambyl.gov.kz/kz/news/muzei/47

https://www.tourister.ru/world/asia/kazakhstan/museum

20) Online ресурстар.

Жобалық қызметке негізделген STEM пәндерді зерделеуге арналған платформалар.

http://platform.stem-academia.com/

https://www.instructables.com/id/100-STEAM-Projects-for-Educators/

https://melscience.com/RU-ru/experiments/

3Д модельдеуді және робот техникасын зерделеу үшін платформалар.

https://www.tinkercad.com/

https://academy.zmorph3d.com/

Вебинарлар үшін платформалар.

https://clickmeeting.com/ru — 25 адам дейін тегін.

https://zoom.us/ — пандемия кезінде тегін.

## 4. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің бағыттары және түрлері

15. БҚББ үйірмелерінің 178 түрлері бойынша жұмысты қашықтықтан ұйымдастыруға болады. Қызметтің кейбір түрлері «педагог – бала» тура байланысын талап етеді. Осыған байланысты үйірмелердің 41 түрі бойынша қашықтықтан жұмысты ұйымдастыруға қиын болады.

Білім беруді басқару органдарына және мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына мыналар ұсынылады:

қашықтықтан оқыту үшін ресурстар жасау: бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындау, онлайн-платформаларға қосу, бейімделген жоспарлар, бағдарламалар, кесте және басқаларды әзірлеу;

қашықтықтан сабақтар өткізу үшін БҚББ педагогтеріне ақпараттық технологияларды оқытуды ұйымдастыру.

| № | № | Қашықтықтан жүргізуге болатын үйірмелер | № | Қашықтықтан жүргізуге болмайтын үйірмелер |
|---|---|---|---|---|
| **Ғылыми-техникалық бағыт** | | | | |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | Бастапқы техникалық үлгілеу | | |
| 2 | 2 | Авиаүлгілеу | | |
| 3 | 3 | Автоүлгілеу | | |
| 4 | 4 | Кемеүлгілеу | | |
| 5 | 5 | Зымыран үлгілеу | | |
| 6 | | | 1 | Робот техникасы |
| 7 | | | 2 | Космонавтика |
| 8 | 6 | 3Д үлгілеу | | |
| 9 | 7 | Компьютерлік графика | | |
| 10 | 8 | Машина жасау | | |
| 11 | | | 3 | Ғарыштық радиобайланыс |
| 12 | 9 | Радиотехника | | |
| 13 | 10 | Мотоцикл спорты | | |
| 14 | | | 4 | Картинг |
| 15 | 11 | Есептеу техникасы | | |
| 16 | 12 | Ақпараттық технологиялар | | |
| 17 | 13 | Стендтік үлгілеу | | |
| 18 | 14 | Үлгілеу | | |
| 19 | | | 5 | Трассалық үлгілеу |
| 20 | | | 6 | Яхтинг |
| 21 | | | 7 | Атқыштар спорты |
| 22 | | | 8 | Спорттық радиопеленгация |
| 23 | 15 | Инженерлік жобалау негіздері | | |
| 24 | 16 | Робот техникалық және мехатрондық жүйелерді инженерлік жобалау негіздері | | |
| 25 | 17 | Техникалық әскери-тарихи үлгілеу | | |
| 26 | 18 | Техникалық спорт түрлері | | |
| 27 | | | 9 | Фотосурет |
| 28 | 19 | Өнертапқыштық және рационализаторлық | | |
| 29 | 20 | Радиоспорт | | |
| 30 | 21 | Техникалық дизайн | | |
| 31 | 22 | Радиоэлектроника | | |
| 32 | 23 | Құрастыру | | |
| 33 | 24 | Бағдарламалау | | |
| 34 | 25 | Информатика | | |
| 35 | 26 | Инженерлік-техникалық қызмет | | |
| 36 | 27 | Медиа шығармашылық | | |
| 37 | 28 | Компьютерлік дизайн | | |
| 38 | 29 | Киновидео шығармашылық | | |
| 39 | 30 | Желкенді ісі | | |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 40 | 31 | Электротехника | | |
| 41 | 32 | Химия-техникалық бағдарламалау | | |
| 42 | 33 | Лего-құрастыру | | |
| 43 | 34 | Спорттық радио үлгілеу | | |
| 44 | 35 | Авто ісі негіздері | | |
| 45 | 36 | Сәулеттік үлгілеу | | |
| 46 | | Жарнама өнері | | |
| 47 | 37 | | 10 | Телестудия |
| 48 | 38 | Компьютерлік графика | | |
| 49 | 39 | Техникалық бағдарламалау | | |
| 50 | 40 | Техникалық квиллинг | | |
| 51 | 41 | Әскери техниканы үлгілеу | | |
| 52 | 42 | Ғылыми зерттеу негіздері | | |
| 53 | 43 | Шағын су көліктерін үлгілеу | | |
| 54 | 44 | Аэроғарыштық білім беру және үлгілеу | | |
| 55 | 45 | Ғарыштық ғылым | | |
| 56 | 46 | Рендеринг – құру проекцияларына сәйкес таңдалған физикалық үлгілеу | | |
| 57 | 47 | Парашютпен ұшуға дайындық | | |
| 58 | 48 | Мультипликация | | |
| 59 | | | 11 | Құм графика/ анимация |
| **Туристік-өлкетану бағыты** | | | | |
| 60 | | | 12 | Тау туризмі |
| 61 | | | 13 | Су туризмі |
| 62 | 49 | Жаяу туризм | | |
| 63 | | | 14 | Скалолазание |
| 64 | 50 | Спорттық бағдарлану | | |
| 65 | | | 15 | Спелеотуризм |
| 66 | | | 16 | Велотуризм |
| 67 | | | 17 | Шаңғы туризмі |
| 68 | | | 18 | Оңалту туризмі |
| 69 | | | 19 | Экологиялық туризм |
| 70 | 51 | Өлкетану | | |
| 71 | 52 | Туристік серуен | | |
| 72 | 53 | Жорық | | |
| 73 | 54 | Экспедициялар | | |
| 74 | | | 20 | Туристік лагерь |
| 75 | 55 | Этнографиялық, ауыл туризмі | | |
| 76 | 56 | Ғылыми туризм | | |
| 77 | | | 21 | Өзенмен ағу |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 78 | | | 22 | Рафтинг |
| 79 | 57 | Мәдени-танымдық туризм | | |
| **Экология-биологиялық бағыт** | | | | |
| 80 | 58 | Экология | | |
| 81 | 59 | Орнитология | | |
| 82 | 60 | Балық аулау | | |
| 83 | 61 | Гүл өсіру | | |
| 84 | 62 | Флористика | | |
| 85 | 63 | Зоология (флора, түрлік құрамы, рационы) | | |
| 86 | 64 | Анималистика | | |
| 87 | 65 | Энтомология | | |
| 88 | 66 | Өсімдік шаруашылығы | | |
| 89 | 67 | Генетика | | |
| 90 | 68 | Дендрология | | |
| 91 | 69 | Бақ өсіру | | |
| 92 | 70 | Мал шаруашылығы | | |
| 93 | 71 | Аквапоника | | |
| 94 | 72 | Көкөніс өсірушілік | | |
| 95 | 73 | Қоян өсіру шаруашылығы | | |
| 96 | 74 | Иппотерапия | | |
| 97 | 75 | Геобионтика | | |
| 98 | 76 | Ветеринария | | |
| 99 | 77 | Бионика | | |
| 100 | 78 | Геология | | |
| 101 | 79 | Гидробиология | | |
| 102 | 80 | Ландшафттану | | |
| 103 | 81 | Ароматерапия | | |
| 104 | 82 | Хромотерапия | | |
| 105 | 83 | Гарденотерапия | | |
| 106 | 84 | Анималтерапия | | |
| **Музыкалық бағыт** | | | | |
| 107 | 85 | Ішекті: скрипка | | |
| 108 | 86 | Альт | | |
| 109 | 87 | Виолончель | | |
| 110 | 88 | Қазақ халық аспаптары:<br>Домбра | | |
| 111 | 89 | Қобыз | | |
| 112 | 90 | Қылқобыз | | |
| 113 | 91 | Жетіген | | |
| 114 | 92 | Сазсырнай | | |
| 115 | 93 | Шертер | | |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 116 | 94 | Сыбызғы | | |
| 117 | 95 | Дауылпаз | | |
| 118 | 96 | Шаңқобыз | | |
| 119 | 97 | Орыс халық аспаптары:домра | | |
| 120 | 98 | Балалайка | | |
| 121 | 99 | Гитара | | |
| 122 | 100 | Баян | | |
| 123 | 101 | Аккордеон | | |
| 124 | 102 | Үрмелі: флейта | | |
| 125 | 103 | Валторна | | |
| 126 | 104 | Гобой | | |
| 127 | 105 | Фагот | | |
| 128 | 106 | Саксофон | | |
| 129 | 107 | Труба | | |
| 130 | 108 | Тромбон | | |
| 131 | 109 | Кларнет | | |
| 132 | 110 | Соққы құралдары: үлкен және кіші барабандар | | |
| 133 | 111 | Үшбұрыш | | |
| 134 | 112 | Тарелке | | |
| 135 | 113 | Бубен | | |
| 136 | 114 | Кастаньеты | | |
| 137 | 115 | Литавры | | |
| 138 | 116 | Ксилофон | | |
| 139 | 117 | Вибрафон | | |
| 140 | 118 | Қоңырау және басқа да бірқатар | | |
| 141 | 119 | Клавиштық фортепиано | | |
| 142 | 120 | Жеке академиялық ән айту | | |
| 143 | 121 | Дәстүрлі ән айту | | |
| 144 | 122 | Эстрадалық вокал | | |
| 145 | 123 | Халықтық ән айту | | |
| 146 | 124 | эстрадалық-джаз ән айту | | |
| 147 | 125 | Хор әні | | |
| **Көркем-эстетикалық бағыт** | | | | |
| 148 | 126 | Сурет | | |
| 149 | | | 23 | Көзі көрмейтін балаларға арналған бейнелеу өнері студиясы |
| 150 | 127 | Кескіндеме | | |
| 151 | 128 | Мүсін | | |
| 152 | 129 | Компьютерлік графика және дизайн | | |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 153 | 130 | Батик | | |
| 154 | | | 24 | Суық батик, ыстық батик |
| 155 | 131 | Гобелен | | |
| 156 | 132 | Жіпті графика | | |
| 157 | 133 | Шілтер өрімі | | |
| 158 | 134 | Таспен көркем ою | | |
| 159 | 135 | Ағашты көркем кесу | | |
| 160 | 136 | Сүйектен көркем ою | | |
| 161 | | | 25 | Керамика, қыш ісі |
| 162 | 137 | Мүсіндеу, керамикалық мүсіндеу | | |
| 163 | 138 | Кестелеу | | |
| 164 | 139 | Ілгекпен, арқаумен тоқу | | |
| 165 | 140 | Макраме | | |
| 166 | 141 | Оригами. Қағаздан жасалған бұйымдар (гүлдер, құстар, жануарлар және т. б.) | | |
| 167 | 142 | Икэбана. Табиғи материалдан жасалған бұйымдар | | |
| 168 | 143 | Кілем тоқу | | |
| 169 | 144 | Зергерлік өнер | | |
| 170 | 145 | Ағашқа көркем сурет салу | | |
| 171 | 146 | Металл бойынша көркем сурет салу | | |
| 172 | 147 | Керамика бойынша көркем сурет салу | | |
| 173 | 148 | Қағаздан көркем кесу. Аппликация | | |
| 174 | 149 | Теріні көркем өңдеу | | |
| 175 | 150 | Металды көркем өңдеу | | |
| 176 | 151 | Пирография ағашқа, теріге, матаға күйдіру | | |
| 177 | 152 | Шынымен жұмыс: витраж, витражды сурет салу, мозаика | | |
| 178 | 153 | Бисер тоқу | | |
| 179 | 154 | Пэчворк (құрақ тігу), декупаж (кесілген немесе үзілген бейненің көмегімен декорациялау техникасы), срапбукинг (қолөнер түрі-альбомдар мен кітапшалар-дың әр түрлі тіліктерінен жасау), point-to-point техникасындағы декор, квиллинг (қағаз айналдыру өнері), фелтинг (қоқыс тастайтын | | |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жүннен жасалған бұйымдар) | | |
| 180 | 155 | Би элементтері (жеке) | | |
| 181 | | | 26 | Би( топтық): классикалық |
| 182 | | | 27 | Бал биі |
| 183 | | | 28 | Халықтық-сахналық би |
| 184 | | | 29 | Тарихи-тұрмыстық би |
| 185 | | | 30 | Заманауи би |
| 186 | 156 | Театр | | |
| 187 | 157 | Қуыршақ театры | | |
| 188 | 158 | Көлеңке театры | | |
| 189 | | | 31 | Цирк өнері |
| 190 | 159 | Кино өнері | | |
| 191 | 160 | Көркем дизайн | | |
| 192 | | | 32 | Эбру өнері |
| 193 | 161 | Фотоөнер | | |
| **Әлеуметтік-педагогикалық бағыт** | | | | |
| 194 | 162 | Журналистика | | |
| 195 | | | 33 | Медиаорталық |
| 196 | 163 | Балалар қоғамдық қозғалысы | | |
| 197 | 164 | Мұражай педагогикасы | | |
| 198 | 165 | Әскери-патриоттық клуб | | |
| **Спорттық бағыт** | | | | |
| 199 | 166 | Греко-рим күресі | | |
| 200 | 167 | Қазақ күресі | | |
| 201 | 168 | Дзюдо | | |
| 202 | 169 | Бокс | | |
| 203 | 170 | Еркін күрес | | |
| 204 | 171 | Қоян-қолтық ұрыс | | |
| 205 | 172 | Годзю рю каратэ до | | |
| 206 | 173 | Таэквондо | | |
| 207 | 174 | Айкидо | | |
| 208 | 175 | Футбол | | |
| 209 | 176 | Баскетбол | | |
| 210 | 177 | Шахмат | | |
| 211 | 178 | Тоғыз құмалақ | | |
| 212 | | | 34 | Гандбол |
| 213 | | | 35 | Футбол |
| 214 | | | 36 | Мини-футбол |
| 215 | | | 37 | Волейбол |
| 216 | | | 38 | Плавание |
| 217 | | | 39 | Фигурное катание |
| 218 | | | 40 | Хоккей |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 219 | | | 41 | Көркем гимнастика |

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2020 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына 4-қосымша

**Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

## 1. Жалпы ереже

1. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде (бұдан әрі - төтенше жағдайлар) тұрғындардың ауруларының алдын алу және емдеу, санитарлық-эпидемиялық және санитарлық-профилактикалық іс-шаралар, шектеу шараларын енгізу, оның ішінде карантинді қамтитын орта білім беру ұйымдары білім алушыларға білім беру саласының өкілетті органының тиісті бұйрығы негізінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы оқытуды қамтамасыз етеді (бұдан әрі - ҚБТ).

2. 2020 жылғы 6 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдары қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқуға көшеді.

3. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту (қашықтықтан оқыту) – интернет-ресурстар мен ТВ-телесабақтар арқылы жүзеге асырылатын және оқу процесіне тән компоненттерді қамтитын педагог пен білім алушылардың қашықтықтан өзара әрекеттестігі. ҚБТ - оқу процесіне тиісті компоненттерді бейнелейтін және телевизиялық (телесабақтардың), желілік және кейс-технологиялар көмегімен іске асырылатын педагог пен білім алушының қашықтықтан өз ара қарым-қатынасы арқылы жүргізіледі.

4. Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - қашықтықтан оқыту жағдайында бірыңғай білім беру ортасын құру.

5. Жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарының/ топтарының, 1-11(12) сыныптарының оқушылары мен тәрбиеленушілері үшін қашықтықтан оқыту үш тәсілмен: 1) мұғалім өз бетінше интернет-платформалар арқылы, 2) телевизиялық сабақтар, оның ішінде радиодағы аудиосабақ арқылы, 3) алдын ала дайындалған сабақ жоспары арқылы қағаз тасымалдағышта жүргізіледі (пошта бөлімшелері немесе қолма-қол).

1) Сабақты интернет-платформалар арқылы мұғалім мектеп директоры бекіткен сабақ кестесіне сәйкес қол жетімді онлайн-платформаларды қолдана отырып, сабақ жоспары негізінде (КТП) дербес жүргізеді.

а) Мұғалім мүмкін сабақты алдын ала жазып қойып, мүмкін ағынды режимде (нақты уақыт режимінде) өткізуге болады.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

б) Ұсынылған сабақтың құрылымын оқытушы өз бетінше әзірлейді (онлайн-сабақ) - ұзақтығы - 30 минутқа дейін, монитор экранында: сыныптың атауы, пәннің атауы, тақырыптың атауы. Сабақ мұғалімнің жаңа оқу материалын түсіндіруінен тұрады (бейне), бекітуге арналған сұрақтар (2-3 сұрақ), бекітуге арналған жаттығу тапсырмалар (2-3 тапсырма), бірлескен тапсырмаларды орындау, тақырып бойынша қосымша сандық ресурстарды қолдану (1-2 СБР), өзіндік жұмыс, кері байланыс үшін қосымша ресурстарға сілтемелер болады.

в) Кері байланыс kundelik.kz, bilimal.kz, mektep.edu.kz электронды журналдары арқылы, электронды журналдар болмаған жағдайда, қол жетімді байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады.

2) ТД-телевизиялық сабақтар (аудиосабақтар) 1-11 (12) сыныптардағы оқу пәндері бойынша оқыту (қазақ, орыс) тілдерінде өткізілетін болады.

а) телевизиялық-сабақтарды республикалық теледидарларда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің келісімі бойынша жүзеге асырылатын болады: қазақ тілінде білім алушыларға арналған сабақтар - «balapan» телеарнасынан (аудиосабақтар «Қазақ радиосы» арқылы), орыс тілінде білім алушыларға арналған сабақтар – «EL ARNA» телеарнасынан (аудиосабақтар «Радио классик» арқылы) аптасына бес күн сайын әр сабақты 10 минуттан трансляция жүргізіледі.

б) Телевизиялық сабақ оқытушының жаңа оқу материалын түсіндіруінен тұрады (бейне, титрде мұғалімнің аты-жөнімен жазылған) - 6 минут; бекітуге арналған сұрақтар (экранда үлкен шрифпен 2-3 сұрақ) - 1 минут; бекітуге арналған жаттығулар (экранда үлкен шрифтпен 2-3 тапсырма) - 1 минут; тақырып бойынша қосымша сандық ресурстар (1-2 ЦББР) - 1 минут; өз бетінше оқуға арналған қосымша ресурстарға сілтемелер - 1 минут).

в) Сабақты қарағаннан кейін мұғалім білім алушыларға өзіндік жұмыс, өзіндік жұмыстарды орындау үшін тапсырмалар береді, СБР-на сілтеме жасайды, орындалуын тексереді және кері байланыс жасайды.

г) Кері байланыс kundelik.kz, bilimal.kz, mektep.edu.kz электрондық журналдары арқылы, электронды журналдар болмаған жағдайда, қол жетімді байланыс түрлері арқылы жүзеге асырылады.

Теледидарда трансляцияланатын пәндер тізіміне енбеген оқу пәндері (музыка, көркем еңбек, дене тәрбиесі, алғашқы әскери және технологиялық дайындық) мұғалімдермен дербес қашықтықтан оқыту ұсынылады.

6. ТД -да трансляциялау үшін белгіленген пәндер тізімі:

1-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 5 пән (Сауат ашу, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Ағылшын тілі);

оқыту орыс тілінде - 5 пән (Обучение грамоте, Математика, Естествознание, Познание мира, Английский язык).

2-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 6 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі);

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

оқыту орыс тілінде - 6 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык ).

3-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 7 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 7 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык, Информатика).

4-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 7 пән (Қазақ тілі, Математика, Жаратылыстану, Дүниетану, Орыс тілі, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 5 пән (Русский язык, Математика, Естествознание, Познание мира, Қазақ тілі, Английский язык, Информатика).

5-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 8 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Қазақстан тарихы, Жаратылыстану, Дүниежүзі тарихы, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 8 пән (Русский язык, Русская литература, Математика, История Казахстана, Естествознание, Всемирная история, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика ).

6-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 9 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Математика, Қазақстан тарихы, Жаратылыстану, Дүниежүзі тарихы, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 9 пән (Русский язык, Русская литература, Математика, История Казахстана, Естествознание, Всемирная история, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика).

7-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 13 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 13 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, География, Всемирная история, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика).

8-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 13 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 13 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, География, Всемирная история, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика).

9-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 13 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра, Геометрия, Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Физика, Химия,

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Биология, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 13 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра, Геометрия, История Казахстана, География, Всемирная история, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литератур, Английский язык, Информатика).

10-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 13 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия, Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 13 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра и начала анализа, Геометрия, История Казахстана, География, Всемирная история, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика).

11-сынып:

оқыту қазақ тілінде - 13 пән (Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия, Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі және әдебиет, Ағылшын тілі, Информатика);

оқыту орыс тілінде - 13 пән (Русский язык, Русская литература, Алгебра и начала анализа, Геометрия, История Казахстана, География, Всемирная история, Физика, Химия, Биология, Казахский язык и литература, Английский язык, Информатика).

сабақ алдын ала дайындалған жоспар арқылы оқушының барлық түсініктемелерімен және тапсырмаларымен қағаз тасығышта электронды поштаға, Whatsapp арқылы немесе санитарлық қауіпсіздіктің барлық нормаларын сақтай отырып қолма-қол жіберіледі.

7. Ұсынылып отырған мұғалімнің дербес әзірлеген сабақ құрылымында сыныптың атауы, пәннің аты, сабақтың тақырыбы көрсетіледі. Білім алушыларға арналған сабақтың қағаздағы жоспарында сабақтың тақырыбы бойынша қысқаша мазмұны, оқулықтың қай беттерінен (45-47 бет) тақырыпты оқып-үйрену қажеттілігі көрсетіледі, бекіту үшін сұрақтар тізімі (2-3 сұрақ), оқулықтан өз бетінше бекіту үшін оқу тапсырмалары (1, 2, 3 жаттығу немесе 1, 2, 3 есептер), өз бетінше орындау үшін мұғалім таңдаған басқа тапсырмалар (2-3 тапсырма, тесттер және т.б.), тақырып бойынша қосымша материалдар, кері байланыс механизмі жазылады.

## 2. Білім алушылар үшін сабақтың жоспары (жоба)

8. Қашықтықтан сабақтың құрылымы:

сыныбы, пәні, тақырыбы;

өтілген материалды қысқаша жинақтау: жаңа материалды түсіндіру үшін қажетті және логикалық байланысты алдыңғы тақырыптардың негізгі

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

шарттарын қажетіне қарай жазу. Оқушылар жаңа материалды меңгеру үшін олардың назарын қажеттігі бар білім мен дағдыларға аудару;

жоспар бойынша жаңа материалды баяндау (қысқаша);

материалды бекітуге арналған ұсыныс.

9. Білім алушылардың өзіндік жұмысы:

оқулықпен, анықтамалармен жұмыс, тезистер құрастыру, конспектілеу;

схемаларды, эскиздерді, кестелерді сызу;

жазбаша жұмыс;

тестік тапсырмалар;

мысалдар мен есептерді шығару;

формуланы қорыту;

шығарма жазу, шығармашылық жұмыстар;

проблемалық жағдайларды шешуді қамтиды .

10. Кері байланысты жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулық:

Білім алушылар ұсынылған нұсқалардың бірі бойынша орындалған тапсырмаға қатысады:

а) электрондық журналға (қол жетімділік бар болған жағдайда);

б) қағаз тасығышта жеткізіледі (мектепте анықталған оператор);

в) электрондық поштаға;

г) whatsapp- хабарлама.

11. Мұғалім білім алушының өзіндік тапсырмасын тексереді және қорытынды шығарады, формативті бағалауды жүргізеді.

12. Қашықтықтан сабақ шеңберіндегі оқу құралдарына:

1) кітаптар;

2) оқу-әдістемелік құралдар;

3) қарапайым және мультимедиялық нұсқадағы компьютерлік оқыту жүйелері, СМЖ;

4) аудио оқу-ақпараттық материалдар;

5) видео оқу-ақпараттық материалдар;

6) зертханалық қашықтықтан практикумдар;

7) қашықтықтан қол жетімділігі бар оқу тренажерлары;

8) қашықтықтан қол жетімділігі бар деректер және білім базасы;

9) қашықтықтан қол жетімділіг бар электрондық кітапханалар және т. б. жатады.

13. Төртінші тоқсанда бір ББЖ, оқу жылының соңында ТБЖ өткізіледі және электронды журналдардың мәліметтер базасына, электронды журнал болмаған кезде мұғалімнің уақытша журналына енгізіледі.

Интернет болмаса, мұғалімдердің тапсырмалары мен балалардың өздік жұмыстары санитарлық қауіпсіздік шараларын қолдана отырып үйлеріне жеткізіледі (пошта бөлімшелері арқылы, қолма-қол).

14. Педагогтің бейнесабаққа (онлайн-сабаққа) дайындығына талаптар:

1) МЖМБС және оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың қысқа мерзімді жоспарын (ҚМЖ) дайындау;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

2) оқу пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспардың барлық оқыту мақсаттарын зерделеу үшін ескеру және күрделілік деңгейі бойынша жазу үшін қажеттілігіне қарай оқыту мақсатын меңгеру үшін бір сабаққа неғұрлым жеңіл екі сабақты біріктіре отырып оқыту;

3) үлгілік оқу жоспарындағы бөлім/бөлімшенің тақырыптары мен сабақтың мақсатына сәйкес қажетті ресурстарды (бейне үзінділер, кесте, сызба, анимация, суреттер, постерлер және т.б.) іріктеу;

4) түсіру үшін жұмыс орнын дайындау (фон, бөлім/бөлімше тақырыбы, пәні, сыныбы, жазу флипчарты, сабақ түсіндіргенде көрсететін материалдар және т.б.);

5) білім алушыға/ата-анасына бейнесабақтың уақыты туралы ескерту;

6) сабақ бойынша қажетті таратылымдарды алдын ала жасау, қажет материалдарды электрондық журнал арқылы "Үй тапсырмасы" және «Мұғалімнің түсініктемесі (комментарийі)» бөлімдеріне жіберу;

7) бейнені трансляциялау үшін сабаққа да, педагогке де қойылатын талаптарды сақтау:

сабақтың фоны мен форматын эстетикалық безендіруді қамтамасыз ету;

өз сөйлеу мен дикцияны дайындау;

ыңғайлы және тыныш орынға немесе өткізетін бөлмеге орналасу;

онлайн-сабақты жазуға және өткізуге дайындығын тексеру (микрофон дыбысы, ноутбук заряды-бірден желіге қосу, камераны сүрту, планшет немесе интерактивті тақта дайындау қажет.);

веб-камераның көру аймағын тексеру, көрініске артық (отбасы мүшелері, заттар, шашылған киім және т.б.) нәрсе түспейтініне көз жеткізу;

егер сабақты отырып трансляцияласаңыз тік отырыңыз, сабақты класс тақтасының жанында тұрып та беруге болады;

дауысты дайындайтын жаттығуларды пайдаланыңыз (https://myownconference.ru/blog/index.php/uprazhnenij-dlya-golosa/);

жұмыс стиліндегі киімді таңдаңыз;

сабақ өткізу үшін қосымша нұсқа дайындау (Б жоспары). Ол үшін барлық қажетті материалдарды компьютердің жұмыс столына жүктеңіз, қандай да бір сервистер іске қосылмаған жағдай үшін;

аудиторияны белсенді тарту керек;

жеке сұрақтардың жауабын чатқа жіберу ұсынылады;

сабақтың жазбасын сақтау керек, оқушыларда материалды кез келген уақытта пайдалана алу мүмкіндігі болады. YouTube-те, Google Дискіге, Telegram-да және басқа бұлттық қоймаларда сақтауды ұйымдастыруға болады.

## 3. ZOOM - стриминг платформасын қолданып бейнеосабақ (онлайн сабақ) ұйымдастыру

15. ZOOM платформасының көмегімен мұғалім өзі онлайн сабақ

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

ұйымдастыра алады. Ол үшін мына құрылғылармен:

дербес компьютер;

(кең жолақты) сыммен немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE) интернетке қосылған;

динамиктер және микрофон – кіріктірілген немесе USB немесе сымсыз Bluetooth;

веб-камера немесе HD-веб-камера - кіріктірілген немесе USB;

HD-камера немесе видеозахват картасы бар HD-бейнекамера;

интернет желісіне қол жетімділігі бар iOS немесе Android мобильді құрылғымен (смартфон немесе планшет) жабдықталған болу қажет.

16. Қосымшаны жүктеу кезінде келесі ұсыныстарды ескеру керек:

1) Егер мобильді құрылғыны пайдаланатын болсаңыз, онда қосымшаны жүктеу қажет:

Егер мобильді құрылғыңыз iOS операциялық жүйесінің базасында болса, онда қосымшаны мына сілтемеден жүктейсіз:

https://apps.apple.com/us/app/id546505307

Егер мобильді құрылғыңыз Android операциялық жүйесінің базасында болса, онда қосымшаны мына сілтемеден жүктейсіз:

https://play.google.com/store/apps/details?id=us.zoom.videomeetings

Егер дербес компьютерді немесе ноутбукті пайдаланатын болсаңыз, онда https://zoom.us/download сілтемесіне өтіп қосымшаны жүктеңіз.




2) ZOOM программасындағы келесі жұмыс алгоритмін ұстаныңыз:

Жүктелген файлды іске қосыңыз

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.




Оқушылармен конференция ұйымдастыру үшін екінші тұрған «Войти в» пунктін таңдаңыз.




Мұнда өзіңізге ыңғайлы кіру түрін таңдаңыз.

Мысалы, Google есептік жазбасын пайдаланып




«Войти в систему через Google» пунктімен кіруге болады.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.




Өзіңіздің поштаңыздың адресін және оның паролін енгізіңіз, одан соң қосымша жүктеледі.




Онлайн сабақ жүргізу үшін "Новая конференция" пунктін таңдаңыз, алдыңызға Сіздің бейнеконференцияңыздың интерфейсі шығады

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.



Экранның төменгі жағында мына құралдар көрінеді:




Бұл функцияның көмегімен өз микрофоныңызды қосып / ажырата аласыз. Конференцияның басқа қатысушылары сөйлеп жатқанда микрофонды ажырату ұсынылады.




Бұл функцияның көмегімен өзіңіздің веб камераңызды қосып / ажырата аласыз.

Осыған байланысты бейнеконференцияның қатысушылары Сізді көре алады немесе көре алмайды.




Бұл функцияның көмегімен оқушыларды өз бейнеконференцияңызға шақыра аласыз. Оған басқан соң экраныңыздан төмендегіні көресіз.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.




Электрондық пошта арқылы өз оқушыларыңызға жібере аласыз немесе “Копировать URL” батырмасын басып өз конференцияңыздың сілтемесін көшіріп аласыз да өз оқушыларыңызға жібересіз. Ол үшін Kundelik.kz электрондық журналын немесе (WhatsApp) месенджерін пайдалануыңызға болады.

Оқушы осы сілтемемен өткенде оған сабаққа қатысу мүмкіндігі беріледі.




Бұл функцияның көмегімен Сіз конференцияңызға қосылған пайдаланушыларды көре және басқара аласыз.




Бұл функцияның көмегімен өз онлайн сабағыңыздың материалдарын демонстрация жасай аласыз. Мысалы, сабақтың презентациясын алдын ала ашып қойыңыз. Берілген батырманы бассаңыз, оқушыларға көрсететін материалды таңдауға терезе ашылады.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.




Таңдаған материалды басқан соң ол материал конференция қатысушыларының монитор экранында немесе смартфонында көрінеді.




Чат көмегімен оқушылар сабақ барысында пайда болған сұрақтарын чатқа жазады, мұғалім ол  сұрақтарға жауап бере аласыз.




Егер сабағыңызды басқа уақытта балалар қарау үшін жазып алғыңыз келсе, онда «Запись» батырмасы онлайн конференция жүріп жатқанда қосулы болуы қажет.




Сабақ аяқталған соң батырманы басыңыз.

17. ТД-телесабақтар мен онлайн сабақтарға қашықтықтан мониторинг жүргізу үшін педагогтің таңдауына байланысты келесі технологияларды пайдалану ұсынылады:

электрондық журналдар мен күнделіктер kundelik.kz, bilimal.kz, mektep.edu.kz - бейне-сабақтарды, сандық білім беру ресурстарын орналастыру, білім алушыларға өзіндік орындауға тапсырма беру және кері байланысты (мұғалімдердің түсініктемесі мен ұсыныстары, хабарландыру түрінде ата-аналарды ақпараттандыру, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды жүргізу, білім

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

алушыларға үй тапсырмасын беру және оны онлайн тексеруді ұсыну, қысқа және кеңейтілген түсіндірмелер түрінде) жүзеге асыру үшін қолданылады;

электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесінде Kundelik.kz адресінде онлайн білім беру үшін нұсқаулықтар, құжаттамалар және видеонұсқаулықтар салынады: https://portal.kundelik.kz/kz/c/355-instruktsii-po-udalennoi-rabote .

streaming, платформалар: Bilimland.kz, Мектеп OnLine, daryn.online.kz, kundelik.kz, sabak.kz, aitube.kz, youtube.com және Zoom, Windows Tims, Skype, Moodle, Opiq.kz, School.ozin-ozi-tanu.kz, adilet.zan.kz/rus/docs және т.б. осы платформаларды пайдалана отырып, пәндер бойынша бейнесабақтар трансляциясы ұйымдастырылатын болады;

бұлтты қызметтер: Google Drive, Yandex Disk, Mail.ru Disk, Dropbox және т. б., ҚР БҒМ ресми әлеуметтік желілері, ҚР БҒМ Youtube, Telegram арнасы Edunews.kz.

18. Facebook, Instagram және т.б.мектеп сайттары, әлеуметтік желілер – тәрбиелік іс-шаралар үшін әзірленген бейнеконтент орналастырылады.

Оқу теледидарының жұмыс істеуі кезеңінде әдістемелік кабинеттер орта білім беру ұйымдарының басшыларымен, педагогтерімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс.

## 4. Орта білім беру ұйымдарында оқыту процесін ұйымдастыру тәртібі

19. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қатаң сақталады.

20. Қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы оқыту процесі МЖМБС, Типтік оқу жоспарлары мен бекітілген сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда оқытудың икемді түрін қамтамасыз ету үшін сабақ кестесіне түзетулер енгізіледі.

21. Оқыту процесінің барлық қатысушылары оқу контенті бар ТД-телесабақтарға және электрондық платформаларға қол жеткізе алады.

22. Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту процесін ұйымдастыруды және педагогтермен, қызметкерлермен, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді орта білім беру ұйымының басшысы үйлестіреді.

23. Білім беру ұйымдарында басшы оқыту процесінің барлық қатысушыларына білім беру мәселелері бойынша нұсқаулық:

әркімнің денсаулығын сақтаудағы, сақтық шараларын орындаудағы жауапкершілігін;

телекоммуникациялық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушылармен жеке және (немесе) топтық жұмысты ұйымдастыруды;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

қажет болған жағдайда ата-аналарға жеке кеңес беруді қамтамасыз етеді.

24. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде орналасқан оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қызметі 4 тоқсаннан бастап күндізгі нысанда жалғастырылатын болады және қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

25. Күндізгі режимде оқу процесін жалғастыратын мектептер (елді мекенді толық оқшаулаған кезде) қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жұмыс істейді. Оқушылар мен педагогтардың, барлық қызметкерлердің санитарлық қауіпсіздікті сақтау бойынша нақты нұсқаулықты және нұсқаулықтың толық сақтауын қарастыру қажет.

Сабақтар 30 минуттан өткізіледі. Балалар мен ересектердің жаппай болуына жол бермеу үшін кабинеттердің қабаттылығын, алыстығын ескере отырып, оқу процесін бірнеше ауысымда ұйымдастыру қажет. Қажет болған жағдайда бірнеше ауысымда және кіші топтарда оқытуды қарастыру, ол жағдайда бөлме міндетті түрде кварцталып және желдетуі қажет. Мұғалім тек қана бір ауысымда жұмыс істейді, мұғалімнің бірнеше ауысымда жұмыс істеуін болдырмау қажет.

26. Арнаулы білім беру ұйымдарының, санаториялық мектептер мен мектеп-интернаттардың, аз қамтамасыз етілген отбасылардағы балаларға арналған мектептердің, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметі қатаң санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, білім беру ұйымдары қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

## 5. Орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қызметі

27. Мектеп директоры:

жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдайды;

қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыруды, оның ішінде техникалық қажеттіліктерді қамтамасыз етеді;

қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу процесін іске асыру жағдайында мектеп жұмысының жоспарын бекітеді;

Kundelik.kz және т. б. арқылы (педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) кері байланыс, педагогтермен кері байланыс беру жиілігінің мониторингі және т. б.) қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыруға тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

сабақ кестесін бекітеді;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

мектеп орналасқан елді мекен шеңберінде Интернет желісіне және басқа да байланыс құралдарына қолжетімділігі жоқ білім алушылардың оқу тапсырмаларын тексеру үшін жеткізуді және орындалған жұмыстарын жинауды ұйымдастырады. Бұл ретте жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жөніндегі талаптар қатаң сақталады.

28.Директордың оқу ісі, ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары:

ТД-телесабақтар кестесіне сәйкес мектептің бірыңғай сабақ кестесін, орта білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында орналастырылатын оқыту кестесін жасайды;

сабақ контентін, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендер, электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және оны Kundelik.kz және т.б. электрондық журналында орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

пән мұғалімдерімен бірге білім алушылардың қашықтықтан оқу жұмыстарын ұйымдастыруды анықтайды: оқытудың әдістері мен тәсілдері, білім алушылардың тапсырмаларды алу мерзімдері және олардың орындалған жұмыстарды ұсынады;

қашықтықтан оқыту аясында әдістемелік көмек көрсету мақсатында педагогтер үшін видеокоучингтер ұйымдастырады;

оқыту процесінің барлық қатысушыларын (педагогтерді, білім алушыларды, білім алушылардың ата-аналарын (заңды өкілдерін), өзге де қызметкерлерді) қашықтықтан жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижелері туралы хабардар етеді;

телекоммуникациялық құралдарды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқыту процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес педагогтердің қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады;

қашықтықтан оқыту процесін жүргізу барысын бақылайды;

электронды журналдар жүйесі арқылы қашықтықтан оқыту процесі мен жиынтық бағалауды ұйымдастыруды және бақылауды іске асырады;

қашықтықтан оқыту процесіне қатысушылармен кері байланысты жүзеге асырады;

мұғалімдердің оқу жүктемесін орындауы бойынша жұмысты үйлестіреді;

орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытудың жүргізілуін талдайды.

29.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-ұйымдастырушы:

телекоммуникациялық құралдарды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы тәрбиелік іс-шаралар үшін бейнеоконтент әзірлейді;

онлайн режимінде іс-шаралар өткізеді (әлеуметтік желілер, мектеп сайты және т. б. арқылы);

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында орналастырады;

сынып жетекшілерінің жұмысын үйлестіреді.

30. Педагог-психолог:

қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) психологиялық қолдау көрсету бойынша ұсыныстар әзірлейді;

білім алушылармен, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) онлайн-кеңес өткізеді;

онлайн ойындар өткізеді.

31. Сынып жетекшісі:

ата-аналарды (заңды өкілдерді) қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту процесі туралы, кестедегі өзгерістер туралы, білім алушыларға кері байланыс беру туралы, оқу барысы мен оқу нәтижелері туралы, білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін жағдай жасау қажеттілігі туралы хабардар етеді;

электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесінде білім алушылар мен олардың ата-аналарының сұхбаттарын, форумдарын жасайды және kundelik.kz, bilimal.kz, mektep.edu.kz сондай-ақ, Whatsapp, Telegram және т. б. пайдаланады;

білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдермен) күнделікті байланысты жүзеге асырады;

жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мектеп әкімшілігін хабардар етеді;

пән мұғалімдеріне, педагог-психологқа өз сыныбындағы білім алушылардың байланыс мәліметтері бар (үй телефоны, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта) тізімін ұсынады;

өз сыныбындағы білім алушылардың электрондық күнделіктерінің және электрондық пошталарының тіркелуін қамтамасыз етеді.

32. Пән мұғалімі:

электрондық журналдарда және күнделіктерде күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды реттейді;

веб-сайттарға, электрондық кітапханаларға және т. б. сілтемелерді қолдана отырып, оқу материалдарын жоспарлау мен құрылымдауды уақытында жүзеге асырады;

жүргізілетін жұмыс түрлерін басшының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен келіседі;

жұмыстың оңтайлы және әртүрлі түрлерін (бейне сабақтар, өзіндік жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференциялар мен форумдар және т.б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (скайп, телесабақ, электрондық пошта, WhatsApp және Telegram чат, Zoom, Moodle және т. б.) қолданады;

электрондық журналдар мен күнделіктерді пайдалана отырып, жүргізілетін жұмыс түрлері туралы ақпаратты білім алушыларға, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) дер кезінде жеткізеді;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

бекітілген оқу кестесіне сәйкес сабақ өткізеді;

білім алушының өзіндік жұмысына бақылау жасайды, кері байланыс жүргізеді;

үй тапсырмасы көлемінің нормаларына сәйкес үй тапсырмасын ұсынады;

мұғалім мен оқушы үшін қолжетімді кез келген тәсілмен (электрондық журналдар мен күнделіктер, месенджерлер, бұлтты технологиялар және т. б.) сабақта орындалған тапсырмаларды жинауды жүзеге асырады;

білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жеке консультациялар өткізеді;

мұғалім мен оқушы үшін қол жетімді кез келген тәсілмен (электрондық журналдар мен күнделіктер, WhatsApp чаттар, ұялы және стационарлық телефон байланысы арқылы немесе интернет болмаған жағдайда әкімшілікпен анықталған педагогтер, пошта байланысы операторлары арқылы) сабаққа орындалған тапсырмаларды жинауды жүзеге асырады;

жүргізілген жұмыс пен және оның нәтижелері бойынша әкімшілікті хабардар етеді.

33. Пән мұғалімі электронды журналдың платформасында келесі бөлімдерді уақытында толтырады:

әр ТД-телесабақтан/аудиосабақтан/вебинардан/өз сабағынан кейін үй тапсырмасы (оқулықтан тапсырмалар және ресурстарға сілтемелер);

тапсырмаларды орындау бойынша ұсыныстарымен файлдарды бекіту;

үй тапсырмасын орындау бойынша кері байланыс, сабаққа түсініктеме жиынтық жұмыстардың нәтижелерін толтыру (бар болса);

білім алушы бейне конференцияда болмаған немесе электрондық журнал платформасында белгіленген мерзімде тапсырманы орындамаған жағдайда сабақ рұқсаттамасын қою.

34. Мұғалімдер оқу пәндері, оның ішінде бағалау «есептелінді»/ «есептелінбеді» түрінде өткізілетін және оқу пәндері теледидарда көрсетілетін пәндер тізбесіне енбеген пәндер (Дене шынықтыру, Өзін-өзі тану, Көркем еңбек, Музыка, Бастапқы әскери және технологиялық дайындық, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Графика және жобалау) бойынша бейнеконтент әзірлейді және сабақтарды қашықтықтан жүргізеді:

білім алушылардың үйде орындауы үшін физикалық және саптық жаттығулар кешенін әзірлейді (Дене шынықтыру, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық);

қолөнер бұйымдарын, макеттер және т. б. жасау бойынша нұсқаулықтар әзірлейді (Көркем еңбек, Графика және жобалау);

жобалық жұмыстар бойынша ұсыныстар (Өзін-өзі тану, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері);

тыңдайтын музыкалық шығармалардың тізімін ұсынады (Музыка);

онлайн режимінде тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

онлайн сабақтар мен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

әдістемелік көмек көрсетеді.

35. Жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарының педагогтері негізгі пәндер (Сауат ашу негіздері, Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, Қоршаған ортамен танысу) бойынша қашықтықтан сабақтар жүргізеді.

36. «Өзін-өзі тану» пәнінің педагогтері сабақтарды өткізу кезінде "Бөбек" орталығының http://school ескерту. ozin-ozi-tanu.kz/ сілтемелерінде орналасқан ұсыныстарды басшылыққа ала алады.

37. «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейлерінде қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін EduPage білім беру платформасы қолданылатын болады.

38.Білім алушы:

қолжетімді байланыс құралдары арқылы онлайн-сабақтардың кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады;

күн сайын кестеге сәйкес ТД-телесабақтарының трансляциясын, сондай-ақ пән мұғалімі көрсеткен барлық қолжетімді электрондық платформаларды қарауға міндетті;

күнделікті тапсырмаларды өз бетінше, соның ішінде орта білім беру ұйымдары белгілеген қолжетімді байланыс құралдарын пайдалану арқылы орындайды;

сынып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен күнделікті байланыста болады;

пән мұғалімінің түсініктемесінен кейін қателермен жұмыс жасайды;

өзіндік дайындалуға арналған оқу материалдарын алу үшін күн сайын электронды күнделікте жеке кабинетке, электронды поштаға және басқа да байланыс жүйелері мен технологияларына кіреді;

күнделікті орындалған тапсырмаларды педагогке қолжетімді байланыс құралдары (электронды күнделік, электрондық пошта, Whatsapp чаттар және т. б. интернет, байланыс болмаған жағдайда – педагог, мектеп әкімшілігін анықтау бойынша пошта байланысының операторы арқылы), сканерлеу (немесе фото) түрінде педагогтердің талаптарына сәйкес ұсынады;

оқу тапсырмаларын орындау кезінде академиялық адалдық ережелерін және өзін-өзі бақылау қағидаларын сақтайды;

қосымша электрондық білім беру ресурстарын пайдаланады.

39. Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

оқу үшін жағдай жасайды;

жұмыс кестесімен, сабақ кестесімен, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру процесімен танысады;

білім алушылардың үй тапсырмаларын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

сынып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен байланыста болады.

40. Аудандық, қалалық және облыстық әдістемелік кабинеттердің/ орталықтардың әдіскерлері мектеп директорларымен, директордың оқу, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларымен, педагогтрмен кері байланыс

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

арқылы қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқыту процесіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

Әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдіскерлер видеокоучингтер ұйымдастырады, қашықтықтан оқыту аясында педагогтрге арналған онлайн-курстар өткізеді.

## 6. Электрондық білім беру материалдарына қойылатын әдістемелік талаптар

41. Атомарлық контентке мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

1) электрондық білім беру материалдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында таратылуына тыйым салынған ақпарат болмауы тиіс. Үшінші тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын ақпараты бар электрондық білім беру материалдар жариялауға жіберілмейді;

2) суреттер бойынша:

атомарлық контентте нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

атомарлық контенттің мазмұны «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

атомарлық контенттің мазмұны әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

атомарлық контенттің мазмұны жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан, білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

атомарлық контенттің мазмұны қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

суретте артық белгілер және бөгде жазбалар жоқ;

алынған материалдың авторы және (немесе) дереккөзі көрсетілген;

электронды білім беру материалының өзіндік танымдық құндылығы бар;

3) мәтін бойынша:

атомарлық контентте нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

атомарлық контенттің мазмұны «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

атомарлық контенттің мазмұны әртүрлі діни, этностық және мәдени

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

атомарлық контенттің мазмұны жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан, білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

атомарлық контенттің мазмұны қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

электронды білім беру материалының өзіндік танымдық құндылығы бар;

4) бейнежазба бойынша:

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

бейнеде артық белгілер, бөгде жазбалар немесе жарнама жоқ;

бөгде дыбыстық шу жоқ;

алынған материалдың авторы және (немесе) дереккөзі көрсетілген;

5) аудиожазба бойынша:

атомарлық контентте нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

атомарлық контенттің мазмұны «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

атомарлық контенттің мазмұны әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

атомарлық контенттің мазмұны жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

атомарлық контенттің мазмұны қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

бөгде дыбыстық шу жоқ;

алынған материалдың авторы және (немесе) дереккөзі көрсетілген;

электронды білім беру материалының өзіндік танымдық құндылығы бар;

6) тест тапсырмалары бойынша:

атомарлық контентте нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

атомарлық контенттің мазмұны «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

атомарлық контенттің мазмұны әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

атомарлық контенттің мазмұны жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

атомарлық контенттің мазмұны қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

электрондық білім беру материалының өзіндік танымдық құндылығы бар.

42. Сабақтың сценарийіне мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

электрондық білім беру материалдарының мазмұнында тәртіптік тәсіл көрсетілген;

материалды баяндау логикалық және жүйелі түрде сипатталады;

барлық жоспарланған мазмұн элементтері ашылды;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, тірек сөздер көрсетілген;

мазмұны оқу нәтижелеріне қойылатын МЖМБС талаптарына, білім берудің тиісті деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

әрекет түрлерінің әртүрлілігі мен кезектесуі (әрекеттің кемінде 5 түрі) ұсынылған;

сабақ сценарийінде мыналардың болуы керек: бейне және (немесе) аудиожазбалар; мәтін; кемінде бір интерактивті тапсырма; білім сапасын халықаралық және ұлттық зерттеу форматына ұқсас кемінде бір тапсырма; тест тапсырмалары; білім алушылардың тұратын аймағымен байланысты

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

тапсырмалар (мүмкіндігінше); мазмұн элементтерімен байланысты тапсырмалар (сурет, бейнежазба, аудиожазба, мәтін); алынған білімді практикалық іс-әрекетте қолдануды қамтамасыз ететін тапсырмалар; білім алушылардың топтық әректін және коммуникацияны ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар; әрбір мазмұндық блоктан кейін өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар; пәнаралық сипаттағы тапсырмалар (мүмкіндігінше);

сабақтың сценарийі кемінде 6 кезеңнен тұрады;

сабақтың сценарийінің жалпы ұзақтығы – 10 минуттан кем емес;

сабақ сценарийінің әр кезеңінің атауы және ұзақтығы көрсетілген;

сабақ сценарийінің әр кезеңінде әрбір экран материалмен толтырылған;

бейне және аудиожазбалар оқушылардың құрылғыларына арналған экрандарда орналастырылмайды;

мәтін үзінділеріндегі қаріп мөлшері кемінде 22 пт;

мәтін үзінділерінде және тест тапсырмаларында (жоғарғы және төменгі индекс, математикалық белгілер және басқалар) арнайы таңбалар дұрыс көрсетіледі;

қаріп және фон түстері үйлесімді және айқын;

егер контраст шарттарын бұзбаса, онда интерактивті мәтіндік блоктардың фоны мөлдір.

43. Электрондық оқу құралына мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

пәнаралық тәсіл бейнеленген;

материалды баяндау логикалық және жүйелі түрде сипатталады;

электрондық оқу құралының мазмұны курсты толық меңгеруді қамтамасыз етеді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, түйін сөздер көрсетілген;

мазмұны оқу нәтижелеріне қойылатын МЖМБС талаптарына, білім берудің тиісті деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

әртүрлі іс-әрекет түрлері көрсетілген;

әрбір параграфта: бейне және (немесе) аудиожазбалардың, мәтіннің, интерактивті тапсырмалардың, білім беру сапасын халықаралық және ұлттық

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

зерттеулердің форматына ұқсас тапсырмалардың, тест тапсырмаларының, өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалардың, пәнаралық сипаттағы тапсырмалардың болуы (мүмкіндігінше);

әрбір тарауда білім алушылардың тұратын өңірімен байланысты тапсырмалардың болуы;

электрондық оқу құралы құрылымы мазмұнында көрсетілген тараулар мен параграфтарды қамтиды;

мәтін үзінділеріндегі қаріп өлшемі 16 пт кем емес;

мәтіндік үзінділеріндегі және тест тапсырмаларында арнайы таңбалар (жоғарғы және төменгі индекс, математикалық белгілер және басқалар) дұрыс көрсетілген;

қаріп және фон түстері үйлеседі және айқын;

егер бұл контраст шарттарын бұзбаса, интерактивті мәтіндік блоктардың фоны мөлдір.

44. Кешенді білім беру қосымшасына мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

нақты және (немесе) логикалық қателер жоқ;

кешенді білім беру қосымшасының мазмұны «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңының талаптарына қайшы келмейді;

кешенді білім беру қосымшасының мазмұны әртүрлі діни, этностық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімді қарым-қатынас қағидаттарына сәйкес келеді, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа кедергі келтірмейді;

кешенді білім беру қосымшасының мазмұны жынысына, ұлтына және тұратын жеріне қарамастан білім алушыларға қолжетімді және түсінікті;

кешенді білім беру қосымшасының мазмұны қазіргі ғылыми білімнің негіздеріне қайшы келмейді;

білім беру деңгейі, пәні, меңгеру деңгейі, мазмұнның бақыланатын элементтері, контент түрі дұрыс таңдалған;

сипаттама берілген, түйін сөздер көрсетілген;

электрондық білім беру материалы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;

сөйлеу мәтіні мен аудиожазбасы сәйкес келеді;

электрондық білім беру материалының өзіндік танымдық құндылығы бар;

электрондық білім беру материалы оқушының білім беру нәтижелерін бекітуді қамтамасыз етеді.

45. Электрондық білім беру материалдарына қойылатын техникалық талаптар:

1) Атомарлық контентке келесі техникалық талаптар қойылады:

Сурет бойынша:

рұқсат етілген пішімдер: JPEG, JPG, PNG, SVG, GIF;

бір файлдың өлшемі-100 Mb артық емес.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Аудио жазбалар бойынша:

рұқсат етілген пішімдер: MP3, WAV;

бір файлдың өлшемі: 100 Mb артық емес

Бейнежазбалар бойынша:

рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;

бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;

бейнежазбаның ұзақтығы-10 минуттан аспайды.

Тест тапсырмалары және тесттер: электронды білім беру материалдарының жалпы қалалық платформасының интерфейсінде жасалады және өңделеді.

2) сабақ сценарийлеріне келесі техникалық талаптар қойылады: сабақ сценарийлері электронды білім беру материалдарының жалпы қалалық платформасының интерфейсінде жасалады және өңделеді;

3) электрондық оқу құралдарына келесі техникалық талаптар қойылады: электрондық оқу құралдары электронды білім беру материалдарының жалпы қалалық платформасының интерфейсінде құрылады және өңделеді;

4) кешенді білім беру қосымшаларына келесі техникалық талаптар қойылады:

пішім: кешенді білім беру қосымшасымен  ZIP -мұрағаты (HT HTML5, CSS, JS, мультимедиа файлдар);

мұрағаттың түбірлік директориясында ашылған кезде қосымша іске қосылатын index.html файлының болуы;

браузерлердің өзекті нұсқаларында түзету жұмыстары: Windows үшін Chrome, macOS үшін Chrome,  Windows үшін Firefox, macOS үшін Firefox, macOS үшін Safari, Android үшін Chrome, iOS үшін Safari;

қосымшалармен жұмыс жасау барысында javascript қателерінің болмауы;

авторизациялау, электрондық білім беру материалдарын метадеректі пайдаланушылармен жұмыс істеу, кешенді білім беру қосымшасы бар электрондық білім беру материалдарын пайдаланушылардың жұмысы бойынша статистиканы беру үшін электронды білім беру материалдарының жалпы қалалық платформасының API-әдістерін қолдану;

мұрағат құрамында қауіпті кеңейтулері бар файлдар мен қолданылатын файлдардың болмауы (.application, .bat, .ЦМД, ком,.КПЛ, .док, .докм, .DOTM,. Ғылыми-өндірістік, .гаджет, .ХТА, .ақп, .Джар, .ЛНК, .msc, .msh, .мш1,.мш1хмл,.мш2,. мш2хмл,.мшхмл, .БАМ, .msp, .ПИФ, .potm, .ппам, .ППСМ, .ppt, .пптм,, пс1,.Редж, АҚҚ, .СКР, .және т. б.,.вбэ, .vbs, ws,.wsc, .wsf, .wsh, .xlam, .XC, .слсм, .xltm);

бағдарлама файлдарында қауіпті кеңейтулері бар файлдарға және қолданылатын  файлдарға сілтемелердің болмауы;

архивтің құрамында вирустар, зиянды немесе шпиондық бағдарламалық қамтамасыз етудің, сондай-ақ құрылғылардың немесе электрондық білім беру материалдарын пайдаланушылар желісінің, оператордың жұмысына жағымсыз әсер ететін кодтың болмауы;

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

қосымшаның дұрыс жұмыс істеуі үшін ең аз қажетті көлемде ғана сыртқы web ресурстармен өзара әрекеттесу;

пайдаланушылардербес деректерін мен статистиканы жинау және беру механизмінің болмауы.

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)  Электрондық құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына 5-қосымша

**Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға әдістемелік ұсынымдар**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының 19-тармағында көрсетілген құжаттарды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары электрондық пошта арқылы облыстардың, Нұр-Сұлтан, шымкент және Алматы қалаларының білім басқармаларына ұсынады.

2. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссияның жұмысы бейне-конференц-байланыс жүйесі арқылы ұйымдастырылады.

3. Комиссия шешімдерінің негізінде жергілікті атқарушы органдардың қаулысымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітіледі.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы ақпарат білім беру ұйымдарын, мамандықтарын, біліктілігін, орындар санын көрсете отырып, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

5. Конкурс қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының бос орындары болған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі Комиссия оны басқа мамандықтарға, оның ішінде басқа білім беру ұйымдарына қайта бөлуді жүзеге асырады.

---

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.

**Результаты согласования**
31.03.2020 13:26:30: Байжанов Н. А. (Юридический Департамент) - - согласовано без замечаний
31.03.2020 13:28:07: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний
**Результат подписания**
31.03.2020 13:59:12 Аймагамбетов А. К.. Подписано

31.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі.